Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Басқармасының хаттамасымен Бекітілді (жылғы №65) хаттама	**Утвержден протоколом Правления ДО АО Банк ВТБ (Казахстан) (№65 от 26.11.2015года)**
Жеке тұлғаның ағымдағы шотын ашу туралы және халықаралық VISA International төлем жүйесінің дебеттік төлем карточкасын беру және пайдалану туралы ҚОСЫЛУ ШАРТЫ	**ДОГОВОР ПРИСОЕДИНЕНИЯ об открытии текущего счета физического лица, о выдаче и использовании дебетной платежной карточки международной платежной системы VISA International**
Осы Шартпен (бұдан әрі сондай-ақ – «Шарт») Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ, бұдан әрі «Банк» деп аталады, Банк Клиенттерінің ағымдағы шотты ашу, көрсетілген ағымдағы шоттағы ақшаға қол жеткізу құралы болып табылатын VISA International халықаралық төлем жүйесінің (бұдан әрі – «Төлем жүйесі») дебеттік төлем карточканы (бұдан әрі – «Карточка») беру және пайдалану бойынша қызметтерді алудың стандартты талаптарын белгілейді.	Настоящим Договором (далее также – «Договор») ДО АО Банк ВТБ (Казахстан), далее именуемая «Банк», определяет стандартные условия получения Клиентами Банка услуг по открытию текущего счета, выдаче и использованию дебетной платежной карточки международной платежной системы VISA International (далее – «Платежная система»), являющейся средством доступа к деньгам на указанном текущем счете (далее – «Карточка»).
Банк Клиентінің Шартқа қосылуы Шарттың 1 қосымшасында көрсетілген нысаны бойынша Шартқа Клиенттің қосылуы туралы өтінішке қол қою арқылы білдірілген және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын келісімінің негізінде жүзеге асырылады.	Присоединение Клиента Банка к Договору осуществляется на основании согласия Клиента Банка, выраженного путем подписания заявления о присоединении Клиента к Договору по форме, указанной в Приложении 1 к Договору и являющейся неотъемлемой частью Договора (далее – «Заявление»).
Келісімшартқа қосылған Клиент және Банк, Банктің уәкілетті қызметкері Өтініштің қабылданғаны туралы белгі жасағаннан кейін, Келісімшартпен белгіленген жалпы шарттар мен міндеттемелердің барлығын қабылдайды (бұдан әрі Клиент және Банк бірге «Тараптар», ал әрқайсысы жеке-жеке – «Тарап» деп аталады), бұл орайда, Тараптар Келісімшарттың жасаған күні Өтініштің тіркелген күні болып табылады деп айқындады.	Клиент, присоединившийся к Договору, и Банк, после совершения уполномоченным работником Банка отметки о принятии Заявления, принимают все установленные Договором условия и обязательства в целом (в дальнейшем Клиент и Банк совместно именуются «Стороны», а каждая по отдельности – «Сторона»), при этом Стороны определили, что датой заключения Договора будет являться дата регистрации Заявления.
Өтінішке Клиент екі өзара сәйкес данада қол қояды, біреуі Банкте қалады, ал Банктің оның қабылданғаны туралы белгісі бар екінші данасы Клиентке табысталады және Келісімшарттың жасалу фактін растайтын құжат болып табылады.	Заявление подписывается Клиентом в двух идентичных экземплярах, один остается в Банке, а второй экземпляр с отметкой Банка о его принятии передается Клиенту и является документом, подтверждающим факт заключения Договора.
Банкпен ерекше қатынастармен байланысқан тұлғалар болып табылатын Клиенттермен Келісімшарт жасасу «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 40-шы бабына сәйкес жүзеге асырылады.	Заключение Договора с Клиентами, являющимися лицами, связанными с Банком особыми отношениями, осуществляется в соответствии со статьей 40 Закона Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан».
Келісімшартта пайдаланылатын терминдер мен айқындамалар, егер Келісімшарттың мәтінінде өзге бір мән тікелей белгіленбеген болса, Банк шығаратын, Келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын VISA International халықаралық төлем жүйесінің төлем карталарын пайдалану ережелерінде (бұдан әрі – «Ережелер»), Қазақстан Республикасының заңнамасында пайдаланылатын терминдер мен айқындамаларға сәйкес келеді.	Термины и определения, используемые в Договоре, соответствуют терминам и определениям, используемым в Правилах пользования платежными карточками международной платежной системы VISA International, выпускаемыми Банком, являющихся неотъемлемой частью Договора, (далее – «Правила») законодательстве Республике Казахстан, если иное значение не установлено непосредственно в тексте Договора.
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	**1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

1.1. Келісімшарттың шарттарына сәйкес Банк Клиентке Банкпен Өтініште көрсетілетін жеке сәйкестендіру кодын оған беру арқылы ағымдағы шотты ашады, ағымдағы шотты жүргізуді (қызмет көрсетуді) жүзеге асырады, жабуды жүзеге асырады, Клиенттің атына тиісті ағымдағы шотқа (бұдан әрі – «Картаның ағымдағы шоты») Карта шығарады және береді, Карта (-лар)ға қызмет көрсету бойынша қызметтер және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Ережелерге, Келісімшартқа, Банктің ішкі құжаттарына, Клиентпен жасалған бөлек келісімшарттарға (келісімдерге) сәйкес өзге қызметтер түрлерін (бұдан әрі – «Қызметтер») көрсетеді. Карточканы қайта шығару және Клиентке онымен Өтініште көрсетілген типті және Ағымдағы шоттың валютасында Ағымдағы шотты ашу мүмкіндігі туралы онды шешім қабылдаған жағдайда жүзеге асырылады. Картаны алғаннан кейін, Клиент негізгі Картаның Ұстаушысы болып табылады.	1.1. В соответствии с условиями Договора Банк открывает Клиенту текущий счет с присвоением ему индивидуального идентификационного кода, указываемого Банком в Заявлении, осуществляет ведение (обслуживание), закрытие текущего счета, выпускает и выдает Карточку к соответствующему текущему счету (далее – «Текущий счет Карточки») на имя Клиента, оказывает услуги по обслуживанию Карточки (-чек) и/или иные виды услуг в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, Правилами, Договором, внутренними документами Банка, отдельными договорами (соглашениями), заключенными с Клиентом (далее – «Услуги»). Выпуск Карточки и открытие Текущего счета Карточки осуществляется в случае принятия Банком положительного решения о возможности выпуска Карточки и открытия Текущего счета Карточки Клиенту указанного им в Заявлении типа Карточки и валюты Текущего счета. После получения Карточки Клиент является Держателем основной Карточки.
1.2. Клиенттің Өтініш бергені Банк үшін Картаны шығару және Картаның Ағымдағы шотын ашу бойынша міндеттің автоматты түрде туындағанын білдірмейді. Өтініш бойынша шешімді Банк дербес, Банктің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қабылдайды.	1.2. Подача Клиентом Заявления не означает автоматического возникновения для Банка обязанности по выпуску Карточки и открытию Текущего счета Карточки. Решение по Заявлению принимается Банком самостоятельно в соответствии с внутренними документами Банка и законодательством Республики Казахстан.
1.3. Клиентке Келісімшартқа қосылу үшін қажет құжаттардың/мәліметтердің тізбесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарымен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен айқындалады.	1.3. Перечень документов/сведений, необходимых Клиенту для присоединения к Договору, определяется требованиями действующего законодательства Республики Казахстан и/или внутренними документами Банка.
1.4. Клиент Картаның Ағымдағы шотпен/Карточкасымен (-ларымен) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Ережелерге сәйкес, Клиент Банктің/жұмыс беруші ұйымның жұмыскерлері болып табылмайтын жеке тұлғаларға арналған; Банктің жұмыскерлеріне арналған (Клиент пен Банктің арасында қолданыстағы еңбек келісімшарты болған жағдайда); Еңбекақылық жобаның шеңберінде жұмыс беруші ұйымның жұмыскерлеріне арналған (Клиент пен жұмыс беруші ұйымның арасында қолданыстағы еңбек келісімшарты болған жағдайда) негізгі Картаны пайдалану кезінде оның мәртебесіне байланысты қолданылатын Келісімшарттың шарттарына және Банктің Тарифтеріне сәйкес пайдалануды міндетіне алады. Банк Келісімшарттың 2.13-ші тармағына сәйкес қосымша Картаны (-ларды) берген кезде, Ұстаушылердың оны/оларды пайдалануы Клиент/негізгі Картаның Ұстаушысы болып табылатын Клиентке қолданылатын Банктің Тарифтерінен тәуелсіз, Банктің/жұмыс беруші ұйымның жұмыскерлері болып табылмайтын жеке тұлғалар үшін қолданылатын Банктің Тарифтеріне сәйкес жүзеге асырылады. Картаның Ағымдағы шотындағы ақшаның қалдығына сыйақы есептелмейді және төленбейді.	1.4. Клиент обязуется пользоваться Текущим счетом/Карточкой (-ами) в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Правилами, условиями Договора и Тарифами Банка, применяемыми в зависимости от статуса Клиента, при использовании им основной Карточки - для физических лиц, не являющихся работниками Банка/организации-работодателя; для работников Банка (при наличии действующего трудового договора между Клиентом и Банком); для работников организации-работодателя в рамках Зарплатного проекта (при наличии действующего трудового договора между Клиентом и организацией-работодателем). При выдаче Банком согласно п. 2.3. Договора дополнительной (-ых) Карточек, ее/их использование Держателями осуществляется в соответствии с Тарифами Банка, применяемыми для физических лиц, не являющихся работниками Банка/организации-работодателя, независимо от Тарифов Банка, применяемых к Клиенту, являющемуся Клиентом/Держателем основной Карточки.

1.5. Өтінішке және/немесе Келісімшарттың шеңберінде өзге бір тиісті өтінішке қол қою және Банкке тапсыру арқылы, Клиент Өтінішке/Келісімшарттың шеңберінде ресімделетін тиісті өтінішке қол қойғанға дейін Банктің Тарифтерімен, Келісімшарттың талаптарымен және мазмұнымен, соның ішінде Ережелердің қағидаларымен танысқанын, Банктің Тарифтері, Келісімшарттың, Ережелердің талаптары және мазмұны түсінікті және ұғынықты екендігін растайды. Клиент Келісімшарттың шарттарын, соның ішінде Ережелерді, Банктің Тарифтерін және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзған жағдайда Келісімшарт бойынша орын алуы мүмкін салдар, жауапкершілік және тәуекелдер туралы хабардар.	1.5. Подписанием и представлением в Банк Заявления и/или иного соответствующего заявления в рамках Договора, Клиент подтверждает, что до подписания Заявления/соответствующего заявления, оформляемого в рамках Договора, с Тарифами Банка, условиями и содержанием Договора, в том числе, с положениями Правил, ознакомлен, Тарифы Банка, условия и содержание Договора, Правил, ему понятны и ясны, Клиент осведомлен о последствиях, ответственности, рисках, которые могут наступить по Договору в случае нарушения его условий, в том числе, Правил, Тарифов Банка и/или действующего законодательства Республики Казахстан.
1.6. Келісімшарт стандартты нысан болып табылады және Клиенттің тарапынан өзгертілуге жатпайды. Келісімшартты Банк Келісімшартпен айқындалған біржақты тәртіпте қайта қарауы мүмкін. Сонымен, Клиент Келісімшарттың өзгерістерімен келіспеген жағдайда, Клиенттің Шарттың 3 қосымшасында белгілеген нысан бойынша Келісімшартты бұзу туралы өтінішті (бұдан әрі – «Келісімшартты бұзу туралы өтініш») беру арқылы Банкті бұл туралы жазбаша түрде құлақтандырып, Келісімшартты бұзуға құқығы бар. Келісімшарттың жаңа шарттары күшіне кіргенге дейін Банк Келісімшартты үзу туралы жазбаша құлақтандыру алмаған жағдайда, Банк мұндай мән-жайды Клиенттің өзгертілген шарттармен толық көлемде келісімін білдіргені деп санайды. Енгізілген өзгертулер туралы Банк Клиентті сондай өзгертулер күшіне кіргенге дейін 10 (он) күнтізбелік күн қалғаннан кешіктірмей, Банктің үй-жайларында, бөлімшелерінде және Интернет желісінде Банктің www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша сайтында ақпарат жариялау жолымен хабарландырады.	1.6. Договор является стандартной формой и не подлежит изменению со стороны Клиента. Договор может быть пересмотрен/изменен Банком в одностороннем порядке, определенном Договором. При этом в случае несогласия Клиента с изменениями Договора Клиент имеет право расторгнуть Договор, письменно уведомив об этом Банк путем подачи заявления о расторжении Договора по форме, установленной Приложением 3 к Договору (далее – «Заявление о расторжении Договора»). В случае если до вступления в силу новых условий Договора, Банк не получит Заявление о расторжении Договора, Банк данное обстоятельство считает выражением согласия Клиента с измененными условиями в полном объеме. О внесенных изменениях Банк информирует Клиента путем размещения информации в подразделениях Банка и в сети Интернет на сайте Банка по адресу: www.vtb-bank.kz не позднее, чем за 10 (десять) календарных дней до даты вступления таких изменений в силу.
1.7. Банктің Қызметтеріне ақы төлеуді Клиент Банктің өкімдерінің және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен көзделген басқа құжаттардың негізінде, Банктің Тарифтеріне сәйкес қолма-қол ақшасыз тәртіпте, қолма-қол ақшамен, акцептсіз тәртіпте немесе Картаның Ағымдағы шотын/Банкте ашылған Клиенттің өзге банктік шоттарын тура дебеттеу жолымен жүргізеді. Клиент Банкке Карточкаға жылдық қызмет көрсеткені үшін комиссия төлейді: -: бірінші жылдың –_____ (_____) теңге *(цифрлармен және жазумен көрсету)*, екінші және келесі жылдардың - _____ (_____) теңге *(цифрлармен және жазумен көрсету)*. Егер Қарыз алушы қызмет көрсетудің алғашқы жылы Кредиттік төлем карточкасын осылай пайдаланбаған жағдайда, Кредиттік төлем карточкаға қызмет көрсетудің алғашқы жылы үшін –_____ (_____) теңге *(цифрлармен және жазумен көрсету)* комиссия Қарыз алушыға Кредиттік төлем карточканы жабу сәтіне төлеу үшін ұсынылады	1.7. Оплата Услуг Банка производится Клиентом согласно Тарифам Банка в безналичном порядке, наличными деньгами, в безакцептном порядке или путем прямого дебетования Текущего счета Карточки/иных банковских счетов Клиента, открытых в Банке, на основании распоряжений Банка и/или других документов, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан и/или внутренними документами Банка. При этом Клиентом осуществляется выплата Банку комиссии за годовое обслуживание Карточки: за первый год –_____ (_____) тенге *(указать цифрами и прописью)*, за второй и последующие годы - _____ (_____) тенге *(указать цифрами и прописью)* взимается с Текущего счета независимо от того, пользовался ли Клиент Карточкой в этот период или нет в порядке, предусмотренном подпунктом 4.2.24. пункта 4.2. настоящего Договора. В случае если Клиент так и не воспользуется Карточкой, комиссия за период обслуживания Карточки предъявляется Клиенту для оплаты в момент закрытия Карточки.

1.8. Картаның Ағымдағы шоты/Карта бойынша Интернет-банкинг немесе Мобильді банкинг арқылы операциялар жасау ережелері Интернет желісінде https://online.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша Банктің сайтында жарияланған Электрондық банктік қызметтер көрсету шарттарымен айқындалған, Клиент оларға қосылуды көрсетілген Шарттардың өздерімен айқындалған тәртіпте және шарттарда жүзеге асырады.	1.8. Правила совершения операций по Текущему счету Карточки/Карточке посредством Интернет-Банкинг или Мобильный банкинг определены Условиями предоставления электронных банковских услуг, размещенными в сети Интернет на сайте Банка по адресу: https://online.vtb-bank.kz, присоединение к которым осуществляется Клиентом в порядке и на условиях, определенных самими указанными Условиями.
1.9. Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы Картаның Ағымдағы шоты бойынша кәсіпкерлік қызметті, жекеше нотариалдық немесе қорғаушылық қызметті, сондай-ақ жеке сот орындаушысының қызметін жүзеге асырумен, не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасымен (соның ішінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасымен) тыйым салынған тауарлардың, жұмыстардың және/немесе қызметтердің ақысын төлеуді қоса алғанда, өзге де заңсыз мақсаттармен байланысты операциялар жүргізбеуді міндетіне алады.	1.9. Клиент/Держатель дополнительной Карточки обязуется не проводить по Текущему счету Карточки операции, связанные с осуществлением предпринимательской деятельности, частной нотариальной или адвокатской деятельности, а также деятельности частного судебного исполнителя, либо иными незаконными целями, включая оплату товаров, работ и/или услуг, запрещенных законодательством Республики Казахстан (в том числе валютным законодательством Республики Казахстан).
1.10. Карталық операцияларды, өзге операцияларды жүзеге асыру және/немесе Қызметтер көрсету тек Клиент оңды сәйкестендірілген және түпнұсқаландырылған жағдайда жүзеге асырылады.	1.10. Осуществление Карточных операций, иных операций и/или предоставление Услуг осуществляется только в случае положительной идентификации и аутентификации Клиента.
1.11. Келісімшарттың шеңберінде Карталық операцияларды, өзге операцияларды жүзеге асыру және/немесе Қызметтер көрсету кезінде Клиентті/қосымша Картаның Ұстаушысын сәйкестендіруді Банк: - Банктің бөлімшелері арқылы операциялар жүргізген кезде – Клиент/қосымша Карточканы Ұстаушы ұсынған Карточканың негізінде және Клиенттің/қосымша Картаның Ұстаушысының жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде жүзеге асырады; Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы Банктің деректер базасындағы ақпаратқа Картаға түсірілген ақпарат (магниттік жолақ, микропроцессор, Картаның беттік жағы, Картаның сырт жағындағы қолтаңба) сәйкес келген, және жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері сәйкес келген жағдайда; Клиенттің өкілі – Клиенттің өкілінің жеке басын куәландыратын құжатының деректемелері Банктің деректер базасындағы және/немесе тиісті сенімхатта көрсетілген ақпаратқа сәйкес келген кезде сәйкестендірілген болып саналады; - өзіне өзі қызмет көрсету құрылғылары арқылы операциялар жүргізген кезде – Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы мәлімдеген Картаның негізінде жүзеге асырады; Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы Банктің деректер қорының құрамындағы ақпаратқа Картаның магниттік жолағына немесе микропроцессорынатүсірілген ақпарат сәйкес келген жағдайа сәйкестендірілген болып саналады; - алыс жердегі байланыс арналары арқылы (Интернет желісінде) операцияларды жүргізген кезде - дұрыс CVV2 (Card Verification Value) енгізудің негізінде. .	1.11. При осуществлении Карточных операций, иных операций и/или предоставлении Услуг в рамках Договора идентификация Клиента/Держателя дополнительной Карточки Банком осуществляется: - при проведении операций через подразделения Банка - на основании Карточки, предъявленной Клиентом/Держателем дополнительной Карточки, и на основании документа, удостоверяющего личность Клиента/Держателя дополнительной Карточки; Клиент/Держатель дополнительной Карточки считается идентифицированным в случае соответствия информации, нанесенной на Карточку (магнитную полосу, микропроцессор, лицевую сторону Карточки, подписи на обратной стороне Карточки), и соответствия реквизитов документа, удостоверяющего личность, информации, содержащейся в базе данных Банка; представитель Клиента - при соответствии реквизитов документа, удостоверяющего личность представителя Клиента, информации, содержащейся в базе данных Банка и/или указанной в соответствующей доверенности; - при проведении операций через устройства самообслуживания - на основании Карточки, предъявленной Клиентом/Держателем дополнительной Карточки; Клиент/Держатель дополнительной Карточки считается идентифицированным в случае соответствия информации, нанесенной на магнитную полосу или микропроцессор Карточки, информации, содержащейся в базе данных Банка; - при проведении операций посредством удаленных каналов связи (в сети Интернет) - на основании ввода правильного CVV2 (Card Verification Value).

1.12. Келісімшарттың шеңберінде Карталық операцияларды, өзге операцияларды жүзеге асыру және/немесе Қызметтер көрсету кезінде Клиентті/қосымша Картаның Ұстаушысын түпнұсқаландыруды Банк: - Банктің бөлімшелері арқылы операцияларды жүргізген кезде – Клиенттің/қосымша Карточканың Ұстаушысының өз қолының идентификатор және аналогы болып табылатын дұрыс ПИН-кодты енгізудің негізінде және Банкпен және Клиентпен Клиенттің/қосымша Карточканың Ұстаушысының өз қолымен қол қойылған тең заңды күші бар тапсырмаларының басқа нысандары танылады, соның ішінде Қызметтерге банкоматтар мен құрылғылар (бұдан әрі – ПИН-код), және Клиенттің/қосымша Карточканың Ұстаушысының басын куәландыратын құжат және Карточканың екінші бетіндегі оның қолы арқылы қосылған кезде; - өзіне өзі қызмет көрсету құрылғылары арқылы операцияларжы жүргізген кезде – дұрыс ПИН-кодты енгізудің негізінде; - алыс жердегі байланыс арналары арқылы (Интернет желісінде) операцияларды жүргізген кезде – дұрыс CVV2 (Card Verification Value) енгізудің негізінде.	1.12. При осуществлении Карточных операций, иных операций и/или предоставлении Услуг в рамках Договора аутентификация Клиента/Держателя дополнительной Карточки Банком осуществляется: - при проведении операции через подразделения Банка - на основании ввода правильного ПИН-кода являющегося идентификатором и аналогом собственноручной подписи Клиента/Держателя дополнительной Карточки, и признается Банком и Клиентом, имеющим равную юридическую силу с другими формами поручений Клиентом/Держателя дополнительной Карточки, подписанными собственноручно, в том числе при подключении к Услугам через банкоматы и устройства (далее – ПИН-код), и документа, удостоверяющего личность Клиента/Держателя дополнительной Карточки, и подписи на обратной стороне Карточки; - при проведении операции через устройства самообслуживания - на основании ввода правильного ПИН-кода; - при проведении операций посредством удаленных каналов связи (в сети Интернет) - на основании ввода правильного CVV2 (Card Verification Value).
1.13. Клиент Карталық және Келісімшарттың шеңберіндегі өзге операцияларды жасайтын кезде қолданылатын сәйкестендіру және түпнұсқаландыру әдістері жеткілікті болып табылатынымен және Банктің жасалатын Карталық және өзге операцияларды жүргізуге және/немесе Картаның Ағымдағы шоты бойынша ақпарат беруге құқықтарын тиісті түрде растайтынымен келіседі.	1.13. Клиент соглашается с тем, что применяемые при совершении Карточных и иных операций в рамках Договора методы идентификации и аутентификации являются достаточными и надлежащим образом подтверждают права Банка на проведение инициированных Карточных и иных операций и/или предоставление информации по Текущим счетам Карточки.
1.14. Клиент Келісімшартпен, соның ішінде Ережелермен көзделген тәртіпте сәйкестендірілмеген және түпнұсқаландырылмаған жағдайда, сондай-ақ егер Карта бойынша шығыстық лимиттің және/немесе Картаның Ағымдағы шотында бар ақша қалдығының сомасы ондай операцияны жүргізу және Банктің Тарифтерімен және/немесе Келісімшарттың шарттарымен көзделген есептен шығару/комиссияларды/шығыстарды төлеу үшін жеткіліксіз болса, және/немесе Картаның Ағымдағы шоты/Карта бойынша Карталық және өзге операцияларды жүргізуге шектемелер орын алған жағдайда, Банктің Карталық және өзге операцияны жүргізуден немесе Картаның Ағымдағы шоты бойынша ақпарат беруден бас тартуға құқығы бар.	1.14. Банк имеет право отказать в проведении Карточной и иной операции или предоставлении информации по Текущему счету Карточки в случае, если Клиент не идентифицирован и не аутентифицирован в порядке, предусмотренном Договором, в том числе, Правилами, а также, если сумма расходного лимита по Карточке и/или остатка денег, находящихся на Текущем счете Карточки, недостаточна для проведения такой операции и списания/оплаты комиссий/расходов, предусмотренных Тарифами Банка и/или условиями Договора, и/или в случае наличия по Текущему счету Карточки/Карточке ограничения на проведение Карточных и иных операций.
1.15. Клиент, Келісімшартқа қосылғанда:	1.15. Клиент, присоединяясь к Договору:
1.15.1. Банкке қауіпсіздікті және қызмет көрсетудің тиісті сапасын қамтамасыз ету мақсаттарында, Клиентті (оның уәкілетті тұлғаларын)/қосымша Картаның Ұстаушысын қосымша құлақтандырусыз өзінің үй-жайларында видеожазбаны немесе видеобайқауды, сондай-ақ Клиенттің (оның уәкілетті тұлғасының)/қосымша Картаның Ұстаушысының және Банктің жұмыскерлерінің арасындағы әңгіменің басында жүргізілетін жазба туралы құлақтандырудан кейін телефон арқылы сөйлесуді жазуды жүзеге асыру	1.15.1. предоставляет Банку право осуществлять видеозапись или видеонаблюдение в своих помещениях без дополнительного уведомления Клиента (его уполномоченных лиц)/Держателя дополнительной Карточки, а также запись телефонных переговоров после уведомления о производимой записи в начале разговора между Клиентом (его уполномоченным лицом)/Держателем дополнительной Карточки и работниками Банка в целях обеспечения безопасности и надлежащего

құқығын береді. Клиент (оның уәкілетті тұлғасы)/қосымша Картаның Ұстаушысы ондай видеожазбалар немесе телефон арқылы әңгімелердің жазбалары дауларды сотта талқылаудың барысында дәлелдеме ретінде, сондай-ақ Банктің және қосымша Картаның Ұстаушысының/Клиенттің арасындағы кез келген келіспеушіліктерді шешу үшін пайдаланылуы мүмкін екеніне өзінің келісімін білдіреді;	качества обслуживания. Клиент (его уполномоченное лицо)/Держатель дополнительной Карточки выражает свое согласие с тем, что такие видеозаписи или записи телефонных переговоров могут быть использованы в качестве доказательств в ходе судебного разбирательства споров, а также для разрешений любых разногласий между Банком и Держателем дополнительной Карточки/Клиентом;
1.15.2. Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиенттің Банкте ашылған тиісті банктік шотын тура дебеттеу жолымен, не болмаса Банктің Клиенттің басқа банктерде ашылған банктік шоттарына төлемдік талап-тапсырмалар мәлімдеуі жолымен Клиенттің Келісімшарт және/немесе Банк пен Клиенттің арасында жасалған басқа келісімшарт бойынша төлеуіне жататын берешегінің кез келген сомаларын, соның ішінде шектеусіз, тұрақсыздық айыппұлдарының (өсімпұлдардың, айыппұлдардың), шығыстар мен шығындардың сомаларын, сондай-ақ Картаның Ағымдағы шотына жаңсақ есепке жатқызылған сомаларды қажет болған жағдайда есептен шығарылған (шығарып алынған) ақшаны Банктің қалауы бойынша – Банк белгілеген шығарып алынған валютаны немесе Клиенттің тиісті банктік шотының валютасын айырбастауды жасау күніндегі сатып алу немесе сату бағамы бойынша айырбастау жүргізе отырып, акцептсіз (даусыз) тәртіпте (Клиентті алдын ала құлақтандырусыз және қосымша келісімін алусыз) шығарып алуға (есептен шығаруға), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен және/немесе Банк пен Клиенттің арасында жасалған тиісті келісімшарттармен (келісімдермен) белгіленген тәртіпте және мерзімдерде Банктің заңды иеленуінде/пайдалануында тұрған Клиенттің мүлкін ұстап қалуға шартсыз, қайтып алусыз келісімін және құқық береді. Келісімшарттың осы ережесінде көрсетілгені, Банктің Келісімшарттың осы ережесінде аталған тиісті ақша сомаларын Банкте ашылған Клиенттің тиісті банктік шотынан Банктің пайдасына акцептсіз тәртіпте, не болмаса тиісті банктік шотты тура дебеттеу жолымен шығарып алуына Клиенттің келісімі болып табылады. Бұл орайда, Банктің Клиенттің банктік шотын тура дебеттеу жолымен немесе акцептсіз тәртіпте Банкте ашылған Клиенттің банктік шотынан көрсетілген ақшаны көрсетілген шығарып алуды жүзеге асыруы үшін жеткілікті негіз және құжат Келісімшарт болып табылады;	1.15.2. предоставляет Банку безусловное, безотзывное согласие и право изымать (списывать) в бесспорном (безакцептном) порядке (без получения предварительного уведомления и дополнительного согласия Клиента) любые суммы задолженности, подлежащие оплате Клиентом по Договору и/или иному договору, заключенному между Банком и Клиентом, включая, но не ограничиваясь, суммы неустоек (пени, штрафы), расходов и издержек, а также суммы, ошибочно зачисленные на Текущий счет Карточки, в безакцептном порядке и/или путем прямого дебетования соответствующего банковского счета Клиента, открытого в Банке, либо путем выставления Банком платежных требований-поручений в соответствии с законодательством Республики Казахстан к банковским счетам Клиента, открытым в других банках, а также на удержание имущества Клиента, находящегося в законном владении/пользовании Банка, в порядке и сроки, установленные законодательством Республики Казахстан, и/или соответствующими заключенными между Банком и Клиентом договорами (соглашениями), при необходимости производя конвертацию списанных (изъятых) денег по выбору Банка – по установленному Банком курсу покупки или продажи изъятой валюты или валюты соответствующего банковского счета Клиента на момент совершения конвертации. Указанное в настоящем положении Договора является согласием Клиента на изъятие Банком соответствующих сумм денег, указанных в настоящем положении Договора, с соответствующего банковского счета Клиента, открытого в Банке, в пользу Банка в безакцептном порядке либо путем прямого дебетования соответствующего банковского счета. При этом основанием и документом, достаточным для осуществления Банком указанного изъятия денег с банковского счета Клиента, открытого в Банке, путем прямого дебетования банковского счета Клиента или в безакцептном порядке, является Договор;
1.15.3. Банк шығарған Карталарды төлем жүйелерінің барлығы бірдей қабылдай бермеуі мүмкін екені және Банк, Төлем жүйесі және/немесе басқа ұйымдар Картаның Ағымдағы шоты бойынша (Картаны пайдалану арқылы жасалатын Карталық операциялардың сомалары бойынша) шектемелер, жұмсау лимиттерін және Картаны пайдалану кезінде көрсетілетін қызметтерге қатысты өзінің комиссиялық сыйақысын белгілеуі мүмкін екені, сондай-ақ Клиент Ағымдағы шот бойынша жүзеге асыратын кейбір банк	1.15.3. уведомлен, понимает и соглашается с тем, что не все платежные системы могут принимать Карточки, выпущенные Банком, и что Банк, Платежная система и/или другие организации могут устанавливать ограничения, лимиты расходования по Текущему счету Карточки (по суммам Карточных операций, совершаемых с использованием Карточки), и свое комиссионное вознаграждение в отношении услуг, оказываемых при использовании Карточки, а также с тем, что в отношении некоторых банковских

операцияларына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен, төлем жүйелерімен, басқа ұйымдармен және/немесе Банкпен белгіленген шектемелер қолданылуы мүмкін екені туралы құлақтандырылған, түсінеді және онымен келіседі;	операций, осуществляемых Клиентом по Текущему счету, могут применяться ограничения, установленные законодательством Республики Казахстан, платежными системами, другими организациями, и/или Банком;
1.15.4. Банкке төменде көрсетілген мән-жайлар орын алған жағдайда, Клиенттің Банктің/жұмыс беруші ұйымның жұмыскерлері болып табылмайтын жеке тұлғаларға арналған; Банктің жұмыскерлеріне арналған (Клиент пен Банктің арасында қолданыстағы еңбек келісімшарты болған жағдайда); еңбекақылық жобаның шеңберінде жұмыс беруші ұйымның жұмыскерлеріне арналған (Клиент пен жұмыс беруші ұйымның арасында қолданыстағы еңбек келісімшарты болған жағдайда) мәртебесіне байланысты Клиентті Банкте қолданыстағы Картаның Ағымдағы шотына қызмет көрсетудің түрлі шарттарына аудару жолымен Картаның Ағымдағы шотына қызмет көрсету шарттарын өзгертуге өзінің келісімін және құқық береді: • Банкпен еңбек келісімшартын жасасу/үзу/доғару кезінде (Банктің жұмыскері болып табылатын Клиент үшін); • жұмыс беруші ұйыммен еңбек келісімшартын жасасу/үзу/доғару кезінде (жұмыс беруші ұйымның жұмыскері болып табылатын Клиент үшін); • жұмыс беруші ұйым Банкпен Клиенттің Картаның Ағымдағы шотына еңбекақы сомасын және/немесе басқа төлемақыларды аударуға қатысты келісімшарт жасасқан/доғарған кезде.	1.15.4. предоставляет свое согласие и право Банку в случае наступления нижеуказанных обстоятельств изменять условия обслуживания Текущего счета Карточки путем перевода Клиента на различные условия обслуживания Текущего счета Карточки, действующие в Банке в зависимости от статуса Клиента - для физических лиц, не являющихся работниками Банка/организации-работодателя, для работников Банка (при наличии действующего трудового договора между Клиентом и Банком), для работников организации-работодателя в рамках зарплатного проекта (при наличии действующего трудового договора между Клиентом и организацией-работодателем): • при заключении/расторжении/прекращении трудового договора с Банком (для Клиента, являющегося работником Банка); • при заключении/расторжении/прекращении трудового договора с организацией-работодателем (для Клиента, являющегося работником организации-работодателя); • при заключении/прекращении договора организации-работодателя с Банком относительно перечисления на Текущий счет Карточки Клиента суммы заработной платы и/или иных выплат.
1.16. Банк Клиенттің ақшасын рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау және алаяқтық операцияларға жол бермеу мақсаттарында Картаны пайдалану арқылы жүзеге асырылатын Картаның Ағымдағы шотынан төлемдер сомасына лимит/шектемелер белгілеуге/өзгертуге құқылы. Белгіленген шектемелер/өзгерістер туралы ақпарат: - Банктің операциялық бөлімшелерінде; - және/немесе Интернет желісінде www. vtb-bank.kz мекенжайы бойынша Банктің сайтында; - және/немесе Клиент SMS-құлақтандыруға қосылу туралы тиісті өтінішінде көрсеткен мобильді телефон нөміріне хабарлама бар SMS-хабар жолдау жолымен жарияланады.	1.16. Банк в целях защиты денег Клиента от несанкционированного доступа и предотвращения мошеннических операций вправе установить/изменить лимит/ограничения на сумму платежей с Текущего счета Карточки, осуществляемых с использованием Карточки. Информация об установленных ограничениях/изменениях размещается: -в операционных подразделениях Банка; - и/или в сети Интернет на сайте Банка по адресу: www. vtb-bank.kz; - и/или путем отправки SMS-сообщения с объявлением на номер мобильного телефона, указанного Клиентом в соответствующем заявлении на подключение к SMS-уведомлению.
1.17. Банк Карточканың Ағымдағы шотында қалған ақша қалдығына Өтініште анықталған мөлшерде сыйақы (бұдан әрі - Сыйақы) есептеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына, Шартқа және Өтінішке сәйкес Сыйақы төлеуге міндеттенеді. Сыйақы есептеу ең аз төмендетілмейтін қалдық сомасын сақтау талабы орындалған кезде, есепті кезең ішінде күн сайын жүргізіледі. Бір күнтізбелік ай есепті кезең (бұдан әрі – «есепті кезең») болып табылады. Кез келген есепті кезеңнің басталатын күні Өтінішке қол қойған күн болып есептеледі. Сыйақы есептеу қызметі Карточканың Ағымдағы шоты қолданылатын барлық	1.17. Банк обязуется осуществлять начисление вознаграждения на остаток денег на Текущем счете Карточки в размере, определяемом в Заявлении (далее – Вознаграждение), а также выплачивать Вознаграждение в соответствии с законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Банка, Договором и Заявлением. Начисление Вознаграждения производится ежедневно в течение отчетного периода, при выполнении условия наличия суммы минимального остатка. Отчетным периодом является один календарный месяц (далее – «отчетный период»). Под датой начала любого отчетного периода понимается дата подписания Заявления.

мерзімге әрекет етеді. Карточка қайта шығарылған кезде Сыйақы есептеу қызметі Карточка қайта шығарылған сәтте Банкте қолданылатын талаптармен қосылады.	Услуга начисления Вознаграждения действует в течение всего срока действия Текущего счета Карточки. При перевыпуске Карточки услуга начисления Вознаграждения подключается на условиях, действующих в Банке на момент перевыпуска Карточки.
1.18. Клиент есепті кезең ішінде Карточканың Ағымдағы шотында Өтініште анықталған мөлшерде ең аз төмендетілмейтін қалдықты (бұдан әрі – «төмендетілмейтін қалдық») ұстап тұруға міндеттенеді. Бұл кезде Клиент осы тармақта көрсетілген міндеттемені орындамаған жағдайда, Банк сыйақы есептеуді тоқтата тұруға немесе алып тастауға құқылы.	1.18. Клиент обязуется непрерывно в течение отчетного периода поддерживать на Текущем счете Карточки минимальный неснижаемый остаток в размере, определяемом в Заявлении (далее – «неснижаемый остаток»). При этом, в случае не выполнения Клиентом указанного в настоящем пункте обязательства, Банк вправе приостановить или прекратить начисление Вознаграждения, а ранее начисленное Вознаграждение за текущий отчетный период сторнируется в дату не выполнения Клиентом указанного в настоящем пункте обязательства.
1.19. Сыйақы демалыс және мереке күндерді есепке ала отырып, күн сайын есептеледі. Сыйақы Карточканың Ағымдағы шотында төмендетілмейтін қалдықтан кем емес мөлшерде кіріс ақша қалдығының нақты сомасына есептеледі. Барынша жоғары сомасы – шектеусіз. Егер Клиент есепті кезең ішінде бір күн Карточканың Ағымдағы шотындағы соманы төмендетілмейтін қалдықтан кем сомаға төмендетіп жіберсе – Сыйақы есептелмейді.	1.19. Вознаграждение начисляется ежедневно с учетом выходных и праздничных дней. Начисление Вознаграждения производится на фактическую сумму входящего остатка денег на Текущем счете Карточки в размере не менее неснижаемого остатка в рамках выбранной категории. Максимальная сумма – без ограничений. Если в течение хотя бы одного из дней отчетного периода Клиентом было допущено снижение суммы на Текущем счете Карточки менее неснижаемого остатка – выплата Вознаграждения не производится.
1.20. Сыйақы есептеу Клиент төмендетілмейтін қалдықты ұстап тұру бойынша міндеттемесін орындамаған күннен кейінгі күні тоқтатылады және келесі есепті кезең басталған күні қайта басталады, бұл кезде ақшаны Карточканың Ағымдағы шотына есептеген күн және оны Карточканың Ағымдағы шотынан алған күн бір күн болып есептеледі.	1.20. Начисление Вознаграждения приостанавливается на следующий день, после дня, в котором Клиентом было допущено несоблюдение обязательства по поддержанию неснижаемого остатка и возобновляется в дату начала следующего отчетного периода при условии наличия неснижаемого остатка на дату начала отчетного периода, при этом дата зачисления денег на Текущий счет Карточки и дата их изъятия с Текущего счета Карточки принимаются за один день.
1.21. Клиент шотына сыйақы төлеу есепті кезең ішінде 1 (бір) рет есепті кезеңнің соңғы жұмыс күні жүзеге асырылады.	1.21. Выплата вознаграждения на счет Клиента осуществляется 1 (один) раз в течение отчетного периода в последний рабочий день отчетного периода.
2. КАРТАЛАРДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ/АҒЫМДАҒЫ ШОТТЫ АШУ	**2. ВЫПУСК И ОБСЛУЖИВАНИЕ КАРТОЧЕК/ОТКРЫТИЕ ТЕКУЩЕГО СЧЕТА**
2.1. Банк Картаны беру және/немесе Картаның Ағымдағы шотын ашу, жүргізу (қызмет көрсету) туралы шешім қабылдау үшін, Клиент Банкке Келісімшарттың 1.3-ші тармағына сәйкес құжаттар тапсырады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жағдайларда және негіздер бойынша, және/немесе Картаның Ағымдағы шотыны ашу және Картаны шығару үшін қажетті құжаттар пакеті/мәліметтер тапсырылмаған кезде, Банк Картаның Ағымдағы шотын ашудан және Картаны шығарудан бас тартады.	2.1. Для принятия решения Банком о выдаче Карточки и/или об открытии, ведении (обслуживании) Текущего счета Карточки Клиент предоставляет в Банк документы/сведения согласно п. 1.3. Договора. В случаях и по основаниям, предусмотренным действующим законодательством Республики Казахстан и/или при не предоставлении необходимого пакета документов/сведений для открытия Текущего счета Карточки и выпуска Карточки, Банк отказывает в открытии Текущего счета Карточки и выпуске Карточки.
2.2. Карта Банктің меншігі болып табылады және Банктің талап етуі бойынша, сондай-ақ Келісімшартпен айқындалған өзге де жағдайларда, Клиент оны Банкке	2.2. Карточка является собственностью Банка и по требованию Банка, а также иных случаях, определенных Договором, должна быть возвращена

қайтаруға тиіс.	Клиентом в Банк.
2.3. Шарттың 2 қосымшасында көрсетілген нысаны бойынша өтініштің негізінде Клиенттің қалауы бойынша, Банк Банктің Тарифтеріне келісімді комиссиялық сыйақыны өндіріп алып, ол қосымша Карточканың Ұстаушысы болып табылатын уәкілетті тұлғаның өтінішінде оның атына немесе Клиентпен аталған атқа Ағымдағы шоттың қосымша Карточкасы (-лары) шығарылатын болады. Шарттың шеңберінде қосымша Карточканы шығару Клиенттің/Қосымша карточка ұстаушысының атына жеке ағымдағы шотты ашуға әкеліп соқпайды. Қосымша Карточканың Ұстаушысы Ағымдағы шоттағы/Карточканың Ағымдағы шотындағы ақшаны өкім етуге Клиентпен өкілдік беріледі және шартсыз Шартта, Ережелермен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды орындау үшін Банк алдындағы міндеттемелерді орындау бойынша жауапкершілікті Клиентпен бірге міндеттемені өзіне алады. Шарттың, Ережелердің, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Банктің талаптары қосымша Карточкалардың Ұстаушыларына толық көлеміне толық таралады.	2.3. По желанию Клиента на основании заявления по форме, указанной в Приложении 2 к Договору, Банком может быть выпущена дополнительная (-ые) Карточка (-и) к Текущему счету на его имя или на имя указанного Клиентом в заявлении уполномоченного лица, которое будет являться Держателем дополнительной Карточки, с взиманием комиссионного вознаграждения согласно Тарифам Банка. Выпуск дополнительной Карточки в рамках Договора не влечет открытия отдельного текущего счета на имя Клиента/Держателя дополнительной карточки. Держатель дополнительной Карточки уполномочивается Клиентом на распоряжение деньгами, находящимися на Текущем счете/Текущим счетом Карточки и, безусловно, принимает на себя обязательство солидарной с Клиентом ответственности по обязательствам перед Банком за выполнение требований, предусмотренных Договором, Правилами и законодательством Республики Казахстан. Требования Договора, Правил, законодательства Республики Казахстан, Банка распространяются на Держателей дополнительных Карточек в полном объеме.
2.4. Клиент қосымша Картаның Ұстаушысын Келісімшарттың, Ережелердің шарттарымен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының Карталық операцияларды жасау бойынша ережелерімен, Картаның Ағымдағы шоты бойынша белгіленген жұмсау лимитімен, көзделген шектememен (ондай шектеме болған жағдайда) және Банктің Тарифтерімен таныстыруға міндетті. Клиент Шартта, Ережелерде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көрсетілген талаптар мен шарттардықосымша Карточканың Ұстаушысы сақтағаны үшін толық жауапкершілік көтереді.	2.4. Клиент обязан ознакомить каждого Держателя дополнительной Карточки с условиями Договора, Правил, положениями действующего законодательства Республики Казахстан по совершению Карточных операций, установленным лимитом расходования по Текущему счету Карточки, предусмотренным ограничением (в случае наличия такого ограничения) и Тарифами Банка. Клиент полностью несет ответственность за соблюдение Держателем дополнительной Карточки указанных в Договоре, Правилах и действующем законодательстве Республики Казахстан требований и условий.
2.5. Клиент Картаның Ағымдағы шотын жапқан кезде, негізгі Карта және/немесе қосымша Карта (-лар) қатарлас жабылуға және Банкке қайтарылуға/Банктің алып қоюына жатады.	2.5. При закрытии Клиентом Текущего счета Карточки, основная Карточка и/или дополнительная (-ые) Карточка (-и) подлежит (-ат) одновременному закрытию и возврату в Банк/изъятию Банком.
2.6. Картада аты-жөнінің жазылуындағы қателік Клиенттің/қосымша Картаның Ұстаушысының айыбынан тиісті Өтініштегі деректерді дұрыс толтырмаудың салдарынан орын алған жағдайда, онда Карточка Клиент Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес Картаны қайта шығару үшін комиссиялық сыйақы төлеу шартымен, Карта қайта шығарылады. Картаны шығарған кезде Клиенттің/қосымша Картаның Ұстаушысының аты-жөні Клиенттің айыбынан тыс бұрыс көрсетілген жағдайда, Картаны қайтадан шығару Банктің есебінен жүзеге асырылады.	2.6. В случае, если ошибка в написании фамилии и имени на Карточке произошла по вине Клиента/Держателя дополнительной Карточки, вследствие неверного заполнения данных в соответствующем заявлении, то Карточка перевыпускается при условии оплаты Клиентом комиссионного вознаграждения за перевыпуск Карточки согласно действующим Тарифам Банка. В случае, если неверно была указана фамилия или имя Клиента/Держателя дополнительной Карточки при выпуске Карточки не по вине Клиента, перевыпуск Карточки осуществляется за счет Банка.
2.7. Карта онда көрсетілген жылдың айы аяқталғанға дейін қолданылады. Оның әрекет ету мерзімі аяқталған Карточка арқылы Ағымдағы шот бойынша Карточкалық операциялар жүргізілмейді.	2.7. Карточка действительна до окончания месяца года, указанного на ней. Карточные операции по Текущему счету посредством Карточки, срок действия которой истек, не производятся.
2.8. Келісімшарттың шарттарына сәйкес Клиенттің/қосымша Картаның Ұстаушысының	2.8. Блокирование Карточки на основании уведомления Клиента/Держателя дополнительной

құлақтандыруының негізінде Картаны бұғаттау аталған құлақтандыру алынғаннан кейін 1 (бір) сағаттың ішінде жүзеге асырылады.	Карточки, согласно условиям Договора, осуществляется в течение 1 (одного) часа после получения данного уведомления.
3. КАРТАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ	**3. ПОРЯДОК ПРОВЕДЕНИЯ КАРТОЧНЫХ ОПЕРАЦИЙ**
3.1. Қазақстан Республикасының аумағында Карталық операциялар, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, тек Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгеде жүзеге асырылады. Картаны Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы төлемді жүзеге асыру мақсаттарында, сондай-ақ Банкпен айқындалған шарттарда қолма-қол ақша алу, валюталарды айырбастау және басқа операциялар үшін қолдана алады.	3.1. Карточные операции на территории Республики Казахстан осуществляются только в национальной валюте Республики Казахстан – тенге за исключением случаев, предусмотренных валютным законодательством Республики Казахстан. Карточка может применяться Клиентом/Держателем дополнительной Карточки в целях осуществления платежа, а также для получения наличных денег, обмена валют и других операций на условиях, определенных Банком.
3.2. Картаның Ағымдағы шотына ақшаны есепке жатқызу/одан есептен шығару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына, Ережелердің, Банктің ішкі құжаттарының және Келісімшарттың шарттарына сәйкес жүргізіледі.	3.2. Зачисление/списание денег на/с Текущий (-его) счет (-а) Карточки производится в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан, условиями Правил, внутренних документов Банка, и Договора.
3.3. Операциялар тізілімі және Банк Процессингілік орталықтан және/немесе Төлем жүйесінен алған басқа құжаттар Карталық операциялардың жасалғанын, сондай-ақ Банк оларды жасауға байланысты кқтерген оның шығыстарын растайтын ресми құжаттар болып табылады.	3.3. Реестр операций и другие документы, полученные Банком от Процессинговой организации и/или Платежной системы являются официальными документами, потверждающими совершение Карточных операций, а также расходы Банка, понесенные им в связи с их совершением.
3.4. Банктің Карталары үшін Төлем жүйесімен есеп айырысу валютасы АҚШ доллары/теңге болып табылады.	3.4. Валютой расчетов для Карточек Банка с Платежной системой являются доллары США/тенге.
3.5. Төлем жүйесі арқылы Карталық операцияларды жүргізу кезінде: - Картаның Ағымдағы шотының валютасы мен Карталық операцияның валютасы АҚШ долларына сәйкес келмейтін жағдайда, Төлем жүйесімен және Банкпен белгіленген бағам бойынша ақша айырбастау жүзеге асырылады. Ондай жағдайда, Карталық операцияның сомасы Төлем жүйесімен белгіленген бағам бойынша АҚШ долларына айырбасталады. Бағамның мөлшерін, сондай-ақ айырбастау тәртібін Төлем жүйесі Банктің және/немесе Клиенттің араласуынсыз, дербес айқындайды. Бұл орайда, Банк келіп түсетін ақшаны айырбастауды Банк Төлем жүйесінен Карталық операция бойынша қаржылық растауды алған күнге қарай белгілеген айырбастау бағамы бойынша жүзеге асырады. Соның нәтижесінде Клиент жасаған Карталық операцияның сомасы мен Картаның Ағымдағы шотында көрініс тапқан Карталық операцияның сомасының арасында пайда болған айырма Клиенттің тарапынан кінәрат-талаптар мәлімдеу үшін негіз бола алмайды; - Карталық операцияның валютасы АҚШ долларына сәйкес келмейтін, ал Картаның Ағымдағы шотының валютасы сәйкес келетін жағдайда, – ақша айырбастау Төлем жүйесімен белгіленген бағам бойынша жүзеге асырылады. Бағамның мөлшерін, сондай-ақ айырбастау тәртібін Төлем жүйесі Банктің және/немесе Клиенттің араласуынсыз, дербес айқындайды; - Карталық операцияның валютасы АҚШ долларына	3.5. При проведении Карточных операций через Платежную систему: - в случае, если валюта Текущего счета Карточки и валюта Карточной операции не соответствует долларам США, осуществляется конвертация денег по курсу, установленному Платежной системой и Банком. В этом случае, сумма Карточной операции конвертируется в доллары США по установленному Платежной системой курсу. Размер курса, а также порядок конвертации определяется Платежной системой самостоятельно, без участия Банка и/или Клиента. При этом, Банк осуществляет конвертацию поступающих денег по курсу конвертации, установленному Банком на день получения от Платежной системы финансового подтверждения по Карточной операции. Возникшая вследствие этого разница между суммой Карточной операции, совершенной Клиентом, и суммой Карточной операции, отраженной на Текущем счете Карточки, не может быть основанием для предъявления претензий со стороны Клиента; - в случае, если валюта Карточной операции не соответствует долларам США, а валюта Текущего счета Карточки соответствует, - осуществляетя конвертация денег по курсу, установленному Платежной системой. Размер курса, а также порядок конвертации, определяются Платежной системой самостоятельно, без участия Банка и/или Клиента; - в случае, если валюта Карточной операции

сәйкес келетін, ал Картаның Ағымдағы шотының валютасы сәйкес келмейтін жағдайда, ақша айырбастау Банк Төлем жүйесінен Карталық операция бойынша қаржылық растауды алған күнге қарай белгілеген айырбастау бағамы бойынша жүзеге асырылады; - Карталық операцияның валютасы мен Картаның Ағымдағы шотының валютасы теңгеге/АҚШ долларына сәйкес келетін жағдайда, – айырбастау көзделмейді. Банк көрсетілген жағдайларда ақшаны айырбастайтын кезде, Банк ақша айырбастауды Банктің Тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы өндіріп алумен жүзеге асырады.	соответствует долларам США, а валюта Текущего счета Карточки не соответствует, осуществляется конвертация денег по курсу конвертации, установленному Банком на день получения от Платежной системы финансового подтверждения по Карточной операции; - в случае, если валюта Карточной операции и валюта Текущего счета Карточки соответствует тенге/долларам США – конвертация не предусматривается. При конвертации денег Банком в указанных случаях, Банк осуществляет конвертацию денег с взиманием комиссионного вознаграждения согласно Тарифам Банка.
3.6. Карталық операция Қазақстан Республикасының аумағының шектерінен тыс жүргізілетін болса, онда Карталық операция Төлем жүйесінің ережелерін ескере отырып, жүзеге асырылады.	3.6. Если Карточная операция производится за пределами территории Республики Казахстан, то Карточная операция осуществляется с учетом правил Платежной системы.
3.7. Жүргізілген Карталық операция бойынша қарсылықтары болған кезде, Клиент Карталық операция жасалған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде растайтын құжаттарды (слиптерді, сауда чектерін және т.б.) міндетті түрде қоса тіркеумен, Банктің ішкі құжаттарымен көзделген нысан бойынша Банкке кінәрат-талап мәлімдеуге міндетті. Олай болмаған жағдайда, жүргізілген Карталық операция расталған деп саналады, Банк кінәрат-талаптарды қабыл алмауы мүмкін. Клиенттің кінәрат-талабын қарастыру мерзімі – кінәрат-талап келіп түскен күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн. Клиенттің кінәрат-талабын қарастыру мерзімі Карталық операция Картаны Қазақстан Республикасының бейрезиденті банктің желісінде пайдалану арқылы жасалған жағдайда, сондай кінәрат-талап алынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн мерзімнен, бірақ 30 (отыз) күнтізбелік күннен артық емес асырылуы мүмкін, ол туралы Клиентке қарастыру мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) күнтізбелік күннің ішінде жазбаша нысанда хабарланады.	3.7. При наличии возражений по проведенной Карточной операции, Клиент обязан в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня совершения Карточной операции предъявить Банку претензию по форме, предусмотренной внутренними документами Банка, с обязательным приложением подтверждающих документов (слипов, торговых чеков и т.д.). В противном случае, совершенная Карточная операция считается подтвержденной, претензии могут быть отклонены Банком. Срок рассмотрения претензии Клиента – 30 (тридцать календарных дней) со дня поступления претензии. Срок рассмотрения претензии Клиента может превышать срок 30 (тридцати) календарных дней со дня получения такой претензии в случае совершения Карточной операции с использованием Карточки в сети банка - нерезидента Республики Казахстан, но не более чем на 30 (тридцать) календарных дней, о чем сообщается Клиенту в письменной форме в течение 3 (трех) календарных дней с момента продления срока рассмотрения.
3.8. Келісімшарттың 3.7-ші тармағына сәйкес кінәрат-талапты Банк Келісімшарттың 3.7-ші тармағында айқындалған мерзімде қарастырады, содан кейін Банк кінәрат-талапта көрсетілген Клиенттің деректемелеріне жазбаша нысанда уәжделген жауап жолдайды. Банк жүргізілген тергеудің және тиісті растайтын құжаттардың негізінде Клиенттің залалдарын негізді деп мойындаған жағдайда (бұл орайда құжаттардың қажеттілігін және жеткіліктілігін Банк айқындайды), Банк оларды Банк пен Клиенттің арасындағы келісіммен айқындалған нысанда және мерзімде іс жүзінде келтірілген және құжаттық расталған нұқсанның мөлшерінде төлеуді жүзеге асырады.	3.8. Претензия согласно п. 3.7. Договора рассматривается Банком в срок, определенный п.3.7. Договора, после чего в письменной форме Банк направляет мотивированный ответ по указанным в претензии реквизитам Клиента. В случае признания Банком убытков Клиента обоснованными на основании произведенного расследования и соответствующих подтверждающих документов (при этом необходимость и достаточность документов определяется Банком), Банк осуществляет их выплату Клиенту в размере реально причиненного и документально подтвержденного ущерба в форме и в срок, определенный соглашением между Банком и Клиентом.
3.9. Банктің банкоматтарында жасалған Карталық операциялар бойынша кінәрат-талаптар тек қолма-қол ақшаның берілмеу себептерін анықтау шартымен және банкоматты инкассациялаудың нәтижелері бойынша қарастырылуға жатады.	3.9. Претензии по спорным Карточным операциям, совершенным в банкоматах Банка, подлежат рассмотрению только при условии выяснения причин невыдачи наличных денег и по результатам инкассации банкомата

3.10. Карточканың Ағымдағы шоты бойынша ай сайынғы үзінді көшірмелері Клиенттің (оның сенім жүктелген (уәкілетті) тұлғасының) талабы бойынша Клиентке қызмет көрсететін Банктің бөлімшесінде беріледі, сонымен сұралатын кезең үшін Карточканың Ағымдағы шоты үзінді көшірмелер (қосымша үзінді көшірмелер) Клиенттің (оның сенім жүктелген (уәкілетті) тұлғасының) талабы бойынша Клиентке қызмет көрсететін Банктің бөлімшесінде немесе Шарттың 3.11. т. сақтап, электрондық өзіне өзі қызмет көрсету құрылғылар арқылы, соның ішінде шағын үзінді көшірме (банкоматтар ж.т.б.) беріледі. Үзінді көшірмені Банк Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы Картаның Ағымдағы шоты бойынша Картаны пайдалану арқылы жасаған Карталық операцияларды тексеру және растау (не болмаса қабыл алмау) мақсатында, сондай-ақ Клиентке оның Банктің алдындағы берешегінің мөлшері (ол болған жағдайда) туралы ақпаратты және Банк Клиенттің құзырына жеткізу қажет деп санайтын өзге ақпаратты жеткізу мақсатында береді.	3.10. Ежемесячные выписки по Текущему счету Карточки предоставляются по требованию Клиента (его доверенного (уполномоченного) лица) в обслуживающем Клиента подразделении Банка, при этом выписки по Текущему счету Карточки за запрашиваемый период (дополнительные выписки) предоставляются по требованию Клиента его доверенного (уполномоченного) лица) в обслуживающем Клиента подразделении Банка или посредством электронных устройств самообслуживания, в том числе в форме мини-выписки (банкоматы, т.п.) с соблюдением условий п. 3.11. Договора. Выписка предоставляется Банком с целью проверки и подтверждения (либо отклонения) Карточных операций, совершенных Клиентом/Держателем дополнительной Карточки по Текущему счету Карточки с использованием Карточки, а также с целью доведения до Клиента информации о размере его задолженности перед Банком (при ее наличии) и иной информации, которую Банк считает необходимым довести до сведения Клиента.
3.11. Клиенттің (оның сенім жүктелген (уәкілетті) тұлғасының) сұратымы бойынша, Банк Банктің қолданыстағы Тарифтеріне келісімді, комиссиялық сыйақы қолданып, сұрау салынған кезең үшін Карточканың Ағымдағы шоты бойынша үзінді көшірмені (қосымша үзінді көшірмені) береді.	3.11. По запросу Клиента (его доверенного (уполномоченного) лица), Банк предоставляет выписку по Текущему счету Карточки за запрашиваемый период (дополнительную выписку), с применением комиссионного вознаграждения согласно действующим Тарифам Банка.
3.12. Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы Банк Клиентті/қосымша Картаның Ұстаушының қосымша Карточкасын сәйкестендіру және түпнұсқаландыру үшін беретін/айқындайтын құралдардың рұқсатсыз пайдаланылуына жол бермейтін қауіпсіз сақталуын қамтамасыз етуге, көрсетілген қол жеткізу құралдарын үшінші тұлғаларға табыстамауға міндетті. Көрсетілген қол жеткізу құралдары, соның ішінде CVV2/ПИН-кодды және/немесе Карта (оның деректемелері) және/немесе Клиенттің/қосымша Картаның Ұстаушысының өзге сәйкестендіру деректері жоғалтылған жағдайда, сондай-ақ тиісті қол жеткізу құралдарының/деректердің заңсыз пайдаланылу тәуекелі туындаған жағдайда, Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы Банктің тәулік бойы жұмыс істейтін телефондары арқылы Банкті ол туралы дереу құлақтандыруға және Банктің нұсқаулықтарын ұстануға, одан кейін Банк белгілеген нысан бойынша 2 (екі) жұмыс күнінен кеш емес мерзімде Банкке жазбаша өтініш беруге міндетті. Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы Банкті мезгілінде құлақтандырмаған жағдайда, Банк осы талаптарды, сондай-ақ Келісімшартта, Ережелерде көзделген басқа шарттарды орындамағаны және/немесе тиіссіз орындағаны үшін жауапкершілік көтермейді.	3.12. Клиент/Держатель дополнительной Карточки обязан обеспечить безопасное, исключающее несанкционированное использование, хранение средств, выдаваемых/определяемых Банком для идентификации и аутентификации Клиента/Держателя дополнительной Карточки, не передавать указанные средства доступа третьим лицам. В случае утраты указанных средств доступа, в том числе CVV2/ПИН-кода и/или Карточки (ее реквизитов) и/или иных идентификационных данных Клиента/Деражателя дополнительной Карточки, а также в случае возникновения риска незаконного использования соответствующих средств доступа/данных и/или Карточки, Клиент/Держатель дополнительной Карточки обязан незамедлительно уведомить об этом Банк по телефонам Банка, работающим круглосуточно, и следовать инструкциям Банка, с последующим предоставлением Банку письменного заявления по установленной Банком форме в срок не позднее 2 (двух) рабочих дней. В случае, если Клиент/Держатель дополнительной Карточки своевременно не уведомил Банк, Банк не несет ответственности за неисполнение и/или ненадлежащее исполнение данных условий, а также иных условий, предусмотренных Договором, Правилами.
3.13. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына қайшы келмейтін бөлігінде Төлем жүйесінің талаптарына сәйкес Карта бойынша транзакциялардың мониторингін жүргізеді.	3.13. Банк проводит мониторинг транзакций по Карточке в соответствии с требованиями Платежной системы в части, не противоречащей законодательству Республики Казахстан, и внутренним документам Банка.

4. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ	4. ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН
4.1. Банктің міндеттері:	4.1. Банк обязан:
4.1.1. Келісімшарт жасалғаннан және Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес қажетті құжаттарды/мәліметтерді тапсырғаннан кейін Өтінішке/қосымша Картаның Ұстаушысыны қосымша Карта шығаруға тиісті өтінішке сәйкес Картаның Ағымдағы шотын ашу және/немесе Картаны (-ларды) шығаруды жүзеге асыру.	4.1.1. После заключения Договора и предоставления Клиентом необходимых документов/сведений, в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан и внутренними документами Банка, открыть Текущий счет Карточки и/или осуществить выпуск Карточки (-чек) в соответствии с Заявлением/соответствующем заявлением на выпуск дополнительной Карточки Держателю основной/дополнительной Карточки.
4.1.2. Картаның Ағымдағы шоты бойынша төмендегілерге байланысты операцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасымн, Банктің ішкі құжаттарымен және Келісімшартпен айқындалған тәртіпте және мерзімдерде жүргізу: • Клиент талаптар (нұсқаулар) мәлімдеген кезде оған тиесілі ақшаның болуын қамтамасыз ету (ағымдағы шоттағы ақша қалдығының шектерінде); • Клиенттің пайдасына ақша сомаларын қабылдау (ағымдағы шотқа есепке жатқызу); • Клиенттің Картаның Ағымдағы шотынан үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аудару туралы өкімін орындау; • Қазақстан Республикасының заңнамасымен және (немесе) Келісімшартпен көзделген негіздер бойынша үшінші тұлғалардың Клиенттің Картаның Ағымдағы шотынан ақшаны шығарып алу туралы өкімдерін орындау; • Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген кассалық құжаттар бойынша Клиенттен қолма-қол ақша қабылдау және Клиентке беру, • Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Банктің ішкі құжаттарымен және/немесе Келісімшартпен көзделген өзге де операцияларды жүзеге асыру.	4.1.2. Производить операции по Текущему счету Карточки в порядке и сроки, определенные законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Банка и Договором, связанные с: • обеспечением наличия денег, принадлежащих Клиенту (в пределах остатка денег на текущем счете), при предъявлении последним требований (указаний); • принятием (зачислением на текущий счет) сумм денег в пользу Клиента; • выполнением распоряжения Клиента о переводе денег с Текущего счета Карточки в пользу третьих лиц; • исполнением распоряжения третьих лиц об изъятии с Текущего счета Карточки денег Клиента по основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан и (или) Договором; • приемом от Клиента и выдачей Клиенту наличных денег по кассовым документам, оформленным в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан, • осуществлять иные операции, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Банка и/или Договором.
4.1.3. Клиенттің және/немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның талабы бойынша, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгесі көзделмеген болса, Клиенттің Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес тиісті комиссиялық сыйақы төлеуімен, Картаның Ағымдағы шотында жатқан ақша сомасы мен тиісті банктік шот бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпарат беру.	4.1.3. Предоставлять по требованию Клиента и/или уполномоченного им лица, информацию о сумме денег, находящихся на Текущем счете Карточки, и произведенных операциях по соответствующему банковскому счету, с оплатой Клиентом комиссионного вознаграждения согласно действующим Тарифам Банка, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан.
4.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ұстана отырып, ақпараттың құпиясын, Клиенттің (оның сенім жүктелген тұлғасының) жеке деректерін қорғауды қамтамасыз ету және Картаның Ағымдағы шоты бойынша жүргізілетін операциялар бойынша Банк құпиясын сақтау. Картаның Ағымдағы шоты бойынша мәліметтерді уәкілетті мемлекеттік органдарға тек Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте және шарттарда, сондай-ақ құрамында Клиенттің сондай	4.1.4. Обеспечивать конфиденциальность информации, защиту персональных данных Клиента (его доверенного лица) и сохранять банковскую тайну по операциям, проводимым Текущему счету Карточки, с соблюдением требований законодательства Республики Казахстан. Предоставлять сведения по Текущему счету Карточки уполномоченным государственным органам только в порядке и на условиях, предусмотренных действующим законодательством Республики

ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге келісімі бар құжат, не болмаса Келісімшарттағы ережелер болған кезде, үшінші тұлғаларға беру.	Казахстан, а также третьим лицам при наличии документа либо положений в Договоре, содержащего (-их) согласие Клиента на предоставление такой информации третьим лицам.
4.1.5. Клиенттің Картаның Ағымдағы шотына нұсқауын алған кезде оны акцептеу, не болмаса Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен көзделген тәртіпте және мерзімдерде оның акцептінен уәжді бас тарту.	4.1.5. При получении указания Клиента к Текущему счету Карточки акцептовать его либо мотивированно отказать в его акцепте в порядке и сроки, предусмотренные нормативными правовыми актами Республики Казахстан.
4.1.6. Картаның Ағымдағы шотына мәлімденген нұсқауларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте және кезекте орындау.	4.1.6. Исполнять указания, предъявленные к Текущему счету Карточки, в порядке и очередности, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан.
4.1.7. Клиент Банк белгілеген нысан бойынша оған мәлімдеген жазбаша өтініші бойынша, өтініште көрсетілген шарттарда оның шетел валютасын сатып алуға (айырбастауға), шетел валютасын сатуға өкімдерін (нұсқауларын) орындау.	4.1.7. Выполнять распоряжения (указания) Клиента на покупку иностранной валюты (конвертацию), продажу иностранной валюты, согласно предъявленному его письменному заявлению в Банк по установленной последним форме, на условиях, указанных в заявлении.
4.1.8. Клиентті Картаның Ағымдағы шоты бойынша, соның ішінде электрондық өзіне өзі қызмет көрсету құрылғылары (банкоматтар және т.т.) арқылы үзінді көшірме беру жолымен және/немесе Банк акцептеген төлем тапсырмасының данасы арқылы оның төлем тапсырмасының орындалғаны туралы хабарландыру.	4.1.8. Извещать Клиента об исполнении его платежного поручения путем предоставления выписки по Текущему счету Карточки, в том числе, посредством электронных устройств самообслуживания (банкоматы, и т.п.), и/или акцептованного Банком экземпляра платежного поручения.
4.1.9. Клиенттің акцепті талап ететін төлем талабы-тапсырмасын алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей, төлем талабы-тапсырмасын оны келесі акцептеу, не болмаса оны акцептеуден уәжді бас тарту үшін қағаз бетінде Клиентке табыстау.	4.1.9. Не позднее рабочего дня, следующего за днем получения платежного требования-поручения, требующего акцепта Клиента, передать платежное требование-поручение Клиенту на бумажном носителе для последующего его акцепта либо мотивированного отказа от его акцепта.
4.1.10. Клиентке көрсетілетін банктік және өзге қызметтер үшін Банктің мөлшерлемелерімен және Тарифтерімен Клиентті таныстыру мақсатында, Банктің мөлшерлемелері және Тарифтері туралы ақпаратты (соның ішінде оларға өзгертулермен және толықтырулармен) Интернет желісінде www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша және/немесе Банктің операциялық бөлімшесінде көру және танысу үшін қол жететін жерде орналастыру.	4.1.10. С целью ознакомления Клиента со ставками и Тарифами Банка за банковские и иные услуги, оказываемые Клиенту, размещать информацию о ставках и Тарифах Банка (в том числе с изменениями и дополнениями к ним) на официальном сайте Банка в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz и/или в операционном подразделении Банка, в месте, доступном для обозрения и ознакомления.
4.1.11. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және/немесе Келісімшартпен көзделген жағдайларды қоспағанда, Келісімшартты бұзу туралы Өтінішті алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні өткеннен кейін Өтініштің негізінде Клиент Банктің алдындағы барлық қаржылық міндеттемелерін реттеген шартында Клиентке Карточканың Ағымдағы шотында жатқан ақша қалдығын қайтарып беруге.	4.1.11. Возвратить Клиенту остаток денег, находящихся на Текущем счете Карточки, на основании Заявления о расторжении Договора по истечении 30 (тридцати) рабочих дней с даты получения указанного заявления при условии урегулирования всех финансовых обязательств Клиента перед Банком, за исключением случаев, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан и/или Договором.
4.1.12. Клиенттің төлем тапсырмасын онда көрсетілген делдал банк (соның ішінде шетелдік корреспондент-банк) арқылы орындау мүмкін болмаған кезде, төлем тапсырмасында көрсетілген жорамалдағы орындалу күнінен кейінгі келесі операциялық күннен кешіктірмей, ауызекі нысанда, не болмаса Клиент төлем тапсырмасында көрсеткен делдал банк (соның ішінде шетелдік корреспондент-банк) арқылы Клиентті	4.1.12. При невозможности исполнения платежного поручения Клиента через указанный в нем банк-посредник (в том числе, иностранный банк-корреспондент), известить Клиента о невозможности исполнения платежного поручения в устной форме не позднее следующего операционного дня после предполагавшейся даты исполнения, указанной в платежном поручении, либо через банк-посредник (в

төлем тапсырмасын орындаудың мүмкін еместігі туралы хабарландыру.	том числе, иностранный банк-корреспондент), указанный Клиентом в платежном поручении.
4.1.13. Келісімшарттың және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерімен айқындалған өзге міндеттерді орындау.	4.1.13. Выполнять иные обязанности, определенные положениями Договора и/или действующего законодательства Республики Казахстан.
4.2. Клиенттің және/немесе қосымша Картаның Ұстаушысының міндеттері:	4.2. Клиент и/или Держатель дополнительной Карточки обязан:
4.2.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және/немесе Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банкке Картаның Ағымдағы шотын ашу/Картаны шығару (беру) үшін және/немесе Карталық операциялар/Карта бойынша, соның ішінде, шектеусіз, Төлем жүргізудің негізділігін растау, валюталық операцияларды жүзеге асыру мақсаттары үшін қолданыстағы заңнамамен, Банктің ішкі құжаттарымен көзделген көлемде деректі ақпарат және құжаттар (келісімшарттардың, өзара шарттардың, келісімдердің және/немесе өзге мәмілелер мен құжаттардың көшірмелерін) тапсыру.	4.2.1. Предоставить Банку для открытия Текущего счета Карточки/выпуска (выдачи) Карточки и/или по Карточным операциям/Карточке достоверную информацию и документы в объеме, предусмотренном действующим законодательством, внутренними правилами Банка, включая, но не ограничиваясь, для целей подтверждения обоснованности проведения платежа, осуществления валютных операций (копии договоров, контрактов, соглашений и/или иных сделок и документов), в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и/или внутренними документами Банка.
4.2.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген төлемдерді/аударымдарды жүзеге асыру, валюталық операцияларды жүргізу ережелерін, сондай-ақ Келісімшарттың, Ережелердің шарттарын, Банктің Тарифтерін, Төлем жүйесінің ережелерін сақтау және сенім жүктелген (уәкілетті) тұлғасының (-ларының)/қосымша Картаның Ұстаушыларының оларды сақтауын қамтамасыз ету.	4.2.2. Соблюдать правила осуществления платежей/переводов, оформления платежных документов, проведения валютных операций, установленные действующим законодательством Республики Казахстан, а также условия Договора, Правил, Тарифы Банка, правила Платежной системы и обеспечить их соблюдение его доверенным (-ыми) (уполномоченным (-ыми) лицом (-ами)/Держателями дополнительных Карточек..
4.2.3. Карталық операциялардың жүргізілгенін растайтын құжаттарды (сауда чектері, слиптер және т.т.) тиісті Карталық операциясы жүргізілген күннен бастап кем дегенде 60 (алпыс) күнтізбелік күн сақтау.	4.2.3. Хранить документы, подтверждающие проведение Карточных операций (торговые чеки, слипы и т.п.) не менее чем 60 (шестьдесят) календарных дней с даты проведения соответствующей Карточной операции.
4.2.4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгесі көзделмеген болса, Картаның Ағымдағы шоты/Карта бойынша операция жасау сәтіне қарай қолданыстағы Банктің тарифтеріне сәйкес Қызметтердің ақысын төлеуді мезгілінде жүргізу, сондай-ақ шығыстарды Банктің Тарифтерімен белгіленген мөлшерлерде толық көлемде өтеу (Картаның Ағымдағы шотында, сондай-ақ Банкте ашылған Клиенттің кез келген басқа банктік шотында (-тарында) ақша жеткіліксіз болған кезде, комиссиялық сыйақы және/немесе Клиенттің Банктің алдындағы кез келген берешектерінің төлеміне өзге сомалар Картаның Ағымдағы шоты және/немесе Банкте ашылған Клиенттің кез келген басқа банктік шоты (-тары) толықтырылған күні шығарып алынады (есептен шығарылады. Клиент төлеген және/немесе Банк Қызметтер және/немесе Картаның Ағымдағы шотына/Картаға қызмет көрсетуге байланысты Банктің шығыстары үшін шығарып алған (есептен шығарған) сома Клиентке қайтарылуға жатпайды.	4.2.4. Своевременно производить оплату Услуг в соответствии с Тарифами Банка, действующими на момент совершения операции по Текущему счету Карточки/Карточке, а также возмещать расходы в полном объеме в размерах, установленных Тарифами Банка, почтовые и иные расходы Банка, связанные с обслуживанием Текущего счета Карточки/Карточки, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан (при недостаточности денег на Текущем счете Карточки, а также любом(-ых) другом(-их) банковском(-их) счете(-ах) Клиента, открытом(-ых) в Банке, комиссионное вознаграждение и/или иные суммы в оплату любых задолженностей Клиента перед Банком изымается(-ются) (списывается(-ются)) в день пополнения Текущего счета Карточки и/или любого(-ых) другого(-их) банковского(-их) счета (-ов) Клиента, открытого(-ых) в Банке). Сумма, оплаченная Клиентом и/или изъятая (списанная) Банком за Услуги и/или расходы Банка, связанные с обслуживанием Текущего счета Карточки/Карточки, возврату Клиенту не подлежат.
4.2.5. Картаны пайдалану арқылы жүргізілген, ПИН-код/CVV2 терумен және/немесе Картаның Ұстаушысының (соның ішінде қосымша Картаның	4.2.5. Оплачивать в полном объеме все расходы (затраты) по Карточным операциям, произведенным с использованием Карточки, удостоверенной набором

Ұстаушысының) қолтаңбасымен куәландырылған Карталық операциялар бойынша барлық шығыстарды (шығындарды) толық көлемде төлеу.	ПИН-кода/CVV2 и/или подписью Держателя Карточки (в том числе, Держателя дополнительной Карточки).
4.2.6. Картаның Ағымдағы шотына билік етуге және/немесе Картаның Ағымдағы шоты бойынша үзінді көшірмелер (анықтамалар) алуға Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тиісті түрде ресімделген сенімхатқа сәйкес уәкілеттік берілген тұлғаларды ауыстырған, не болмаса олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғарған кезде, жазбаша түрде немесе Тараптар өзара келіскен басқа байланыс арналары арқылы Банкті ол туралы дереу құлақтандыру және сондай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын тапсыру. Олай болмаған жағдайда, Банк сенімхаттың негізінде Картаның Ағымдағы шотына билік етуге, Картаның Ағымдағы шоты бойынша үзінді көшірмелер (анықтамалар) алуға уәкілетті тұлғалардың әрекеттері үшін жауапкершілік көтермейді.	4.2.6. При замене лиц, уполномоченных распоряжаться Текущим счетом Карточки и/или на получение выписок (справок) по Текущему счету Карточки согласно надлежащим образом оформленной по законодательству Республики Казахстан доверенности, либо досрочном прекращении их полномочий, незамедлительно уведомить об этом Банк в письменном виде или по другим согласованным Сторонами средствам связи и предоставить оригиналы документов, подтверждающие такие изменения. В противном случае Банк не несет ответственности за действия лиц, уполномоченных распоряжаться Текущим счетом Карточки, получать выписки (справки) по Текущему счету Карточки на основании доверенности
4.2.7. Клиенттің/оның сенім жүктелген (уәкілетті) тұлғасының/қосымша Картаның Ұстаушысының жеке басын куәландыратын құжаттың құрамындағы мәліметтер өзгертілген, сондай-ақ Клиенттің/оның сенім жүктелген (уәкілетті) тұлғасының/қосымша Картаның Ұстаушысының жеке басын куәландыратын құжат жоғалған жағдайда, сондай өзгерістер/оқиғалар туындаған сәттен бастап дереу Банкті ол туралы құлақтандыру, ал Картаның Ағымдағы шоты бойынша операциялар жүргізу кезінде, Клиенттің/оның сенім жүктелген (уәкілетті) тұлғасының/қосымша Картаның Ұстаушысының жеке басын куәландыратын құжаттың құрамындағы мәліметтердің өзгертілгенінен басқа, тұрақты-тіркелген мекенжайының, телефон нөмірінің, ЖСН өзгертілгені туралы – тиісінше, Банктің талабы бойынша растайтын құжаттарды ттапсырумен, Картаның Ағымдағы шоты бойынша операцияны/Карталық операцияны жүргізетін күні құлақтандыру. Бұл орайда, Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы Картаның Ағымдағы шотын ашу және жүргізу (қызмет көрсету)/Картаны шығару және қызмет көрсету үшін бұрын тапсырған құжаттарды және/немесе құжаттардың көшірмелерін Банк қайтармайды;	4.2.7. В случае изменений сведений, содержащихся в документе, удостоверяющем личность Клиента/его доверенного (уполномоченного) лица/Держателя дополнительной Карточки, а также в случае утери документа, удостоверяющего личность Клиента/его доверенного (уполномоченного) лица/Держателя дополнительной Карточки, незамедлительно уведомить об этом Банк с момента возникновения/наступления таких изменений/событий, а при проведении операции по Текущему счету Карточки уведомить кроме изменения сведений, содержащихся в документе, удостоверяющем личность Клиента/его доверенного (уполномоченного) лица/Держателя дополнительной Карточки, об изменении адреса проживания/регистрации, номере телефона, ИИН - в день проведения операции по Текущему счету Карточки/Карточной операции, соответственно, с представлением подтверждающих документов по требованию Банка. При этом ранее представленные Клиентом/Держателем дополнительной Карточки документы и/или копии документов для открытия и ведения (обслуживания) Текущего счета Карточки/выпуска и обслуживания Карточки Банком не возвращаются;
4.2.8. Банкті Карточканың Ағымдағы шотынан санкцияланбаған төлемдер туралы, Карточканың Ағымдағы шотынан қателесіп жүргізілген операциялар (соның ішінде орындалған төлем тапсырмалары) туралы өзінің төлем тапсырмасының деректемелерін және табылған қате деректемелерді ескертуде көрсетіп, аталған әрекеттерді тапқан күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша ескертуге.	4.2.8. Письменно уведомлять Банк о несанкционированных платежах с Текущего счета Карточки, об ошибочно произведенных операциях по Текущему счету Карточки (в том числе исполненных платежных поручениях) в течение 3 (трех) рабочих дней с даты обнаружения указанных действий, с указанием в уведомлении реквизитов своего платежного поручения и выявленных ошибочных реквизитах.
4.2.9. Картаның Ағымдағы шотына Клиентке тиесілі емес ақша жаңсақ есепке жатқызылған жағдайда, Банкті 3 (үш) жұмыс күні ішінде құлақтандыру және Банкті құлақтандырған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде жаңсақ есепке жатқызылған соманы Банкке	4.2.9. В случае ошибочного зачисления денег на Текущий счет Карточки, не принадлежащих Клиенту, в течение 3 (трех) рабочих дней уведомить Банк и произвести возврат ошибочно зачисленной суммы Банку в течение 2 (двух) рабочих дней с момента

қайтару;	уведомления Банка.
4.2.10. Клиенттің акцепттеуін талап ететін, Картаның Ағымдағы шотына үшінші тұлғалар мәлімдеген төлем талап-тапсырмаларын Клиенттің нұсқауын алған күннен бастап 2 (екі) банк күнінен кешіктірмей акцепттеу, не болмаса оларды акцепттеуден уәжді бас тарту және оларды Банкке қайтару.	4.2.10. Акцептовать платежные требования-поручения, требующие акцепта Клиента, предъявленные к Текущему счету Карточки третьими лицами, либо мотивированно отказать в их акцепте не позднее 2 (двух) банковских дней со дня получения указания Клиентом и возвратить их в Банк.
4.2.11. Кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде 1 (бір) мәрте, сондай-ақ Картаның Ағымдағы шоты бойынша Карталық операцияны жүзеге асырудың тура алдында, Банкке және/немесе Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша ресми сайтына Банктің қолданыстағы Тарифтері туралы және Келісімшартқа, соның ішінде Картаны пайдалануға байланысты өзге ақпарат алу үшін жүгіну. Бұл орайда Клиент/Картаның Ұстаушысы Банктің Тарифтерінің өзгертулеріне/толықтыруларына/ақпаратқа қатысты хабары болмағанға сілтеуге құқысыз.	4.2.11. Не реже 1 (одного) раза в течение 30 (тридцати) календарных дней, а также непосредственно до осуществления Карточной операции по Текущему счету Карточки, обращаться в Банк и/или на официальный сайт в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz за получением информации о действующих Тарифах Банка и иной, связанной с Договором, в том числе, пользованием Карточки, информацией. При этом Клиент/Держатель Карточки не вправе ссылаться на неосведомленность в отношении изменений/дополнений Тарифов Банка/информации.
4.2.12. Банкпен ерекше қатынастармен байланысқан тұлғалардың санатына, шетелдік жария лауазымды тұлғаның, не болмаса оның жұбайының (зайыбының), жақын туысының мәртебесіне жататыны туралы Банкті жазбаша нысанда құлақтандырып отыру. Банк көрсетілген ақпаратты тексеру және нақтылау үшін ресми ақпарат көздерін пайдалануға құқылы (Шетелдік жария лауазымды тұлға – шет мемлекеттің заңнамалық, атқарушы, әкімшілік немесе сот органында қандай да бір лауазым атқаратын тағайындалатын немесе сайланатын тұлға, сондай-ақ шет мемлекет үшін қандай да бір жария функцияны атқаратын кез келген тұлға).	4.2.12. Уведомлять Банк в письменной форме о принадлежности к категории лиц, связанных с Банком особыми отношениями, статусу иностранного публичного должностного лица, либо его супруга (-и), близкого родственника. Банк вправе пользоваться официальными источниками информации для проверки и уточнения указанной информации (Иностранное публичное должностное лицо - лицо, назначаемое или избираемое, занимающее какую-либо должность в законодательном, исполнительном, административном или судебном органе иностранного государства, а также любое лицо, выполняющее какую-либо публичную функцию для иностранного государства).
4.2.13. Бұрын жоғалған ретінде мәлімденген Карта табылған кезде, дереу Банкке ол туралы хабарлау, сондай-ақ ондай Картаны Банкке қайтару.	4.2.13. При обнаружении Карточки, ранее заявленной как утраченной, немедленно проинформировать об этом Банк, а также вернуть такую Карточку в Банк.
4.2.14. Картаның Ағымдағы шотында Картаны пайдалану арқылы төлемді жүзеге асыру кезінде жасалған төлем құжатын орындау үшін қажет ақша сомасын қамтамасыз ету, сондай-ақ Карталық операцияларды Картаның Ағымдағы шотындағы ақша қалдығының шектерінде жүзеге асыру және Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы Карталық операцияларды жасаған кезде көрсетілетін Банктің және/немесе басқа үшінші тұлғалардың қызметтері үшін комиссиялық сыйақылардың сомаларын ескере отырып, Картаның Ағымдағы шоты бойынша ақшаның жұмсалуын бақылау арқылы Техникалық карталық овердрафттың туындауына жол бермеу, ал Техникалық карталық овердрафт туындаған жағдайда, Техникалық карталық овердрафттың сомасы пайда болған күннен кешіктірмей, Техникалық карталық овердрафтты өтеу.	4.2.14. Обеспечить сумму денег на Текущем счете Карточки, необходимую для исполнения платежного документа, составленного при осуществлении платежа с использованием Карточки, а также осуществлять Карточные операции в пределах остатка денег на Текущем счете Карточки и не допускать возникновение Технического карточного овердрафта, контролируя расходование денег по Текущему счету Карточки с учетом сумм комиссионных вознаграждений за услуги Банка и/или других третьих лиц, оказываемых при совершении Клиентом/Держателем дополнительной Карточки Карточных операций, а в случае возникновения Технического карточного овердрафта погасить Технический карточный овердрафт не позднее даты возникновения суммы Технического карточного овердрафта.
4.2.15. Картаның Ағымдағы шотында және Банкте ашылған Клиенттің өзге банктік шоттарында ақша жоқ/жеткіліксіз болған жағдайда, сондай-ақ Картаның Ағымдағы шоты жабылған кезде, Банктің талабы бойынша тиісті талапты алған күннен бастап 5 (бес)	4.2.15. В случае отсутствия/недостаточности денег на Текущем счете Карточки и иных банковских счетах Клиента, открытых в Банке, а также при закрытии Текущего счета Карточки, по требованию Банка в течение 5 (пяти) календарных дней с даты получения

күнтізбелік күннің ішінде Келісімшартқа сәйкес Банкке тиесілі барлық сомаларды/берешекті (соның ішінде тұрақсыздық айыппұлын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды), үшінші тұлғалардың қызметтері үшін Банктің шығыстарын, сондай-ақ Банкте Клиенттен Келісімшарт бойынша берешекті өндіріп алудың барысында туындаған, Картаны (-ларды) шығарып алуға, бұғаттауға, Стоп-листқа енгізуге байланысты (егер ондай әрекеттерді Банк Клиенттің/қосымша Картаның Ұстаушысының айыбынан жасаған болса), және/немесе Банк Клиенттің Келісімшарт бойынша міндеттемелерін бұзғанының немесе тиіссіз түрде орындағанының нәтижесінде көтерген кез келген басқа залалдарды) төлеу.	соответствующего требования оплатить все причитающиеся Банку в соответствии с Договором суммы/задолженность (в том числе, неустойку (штрафы, пеню), расходы Банка за услуги третьих лиц, а также любые другие убытки, возникшие у Банка в процессе взыскания с Клиента задолженности по Договору, связанные с изъятием, блокированием Карточки (-ек), внесением в Стоп-лист (если данные действия были предприняты Банком по вине Клиента/Держателя дополнительной Карточки), и/или понесенные Банком в результате нарушения или ненадлежащего исполнения Клиентом обязательств по Договору).
4.2.16. Банктен тиісті құлақтандыру алған кезде, Карта бойынша алаяқтық операцияларға жол бермеу мақсаттарында, Банк көрсеткен мерзімнің ішінде Картаны пайдалануды доғару.	4.2.16. При получении от Банка соответствующего уведомления, в целях предотвращения мошеннических операций по Карточке прекратить пользование Карточкой в течение срока, указанного Банком.
4.2.17. Қазақстан Республикасының шектерінен тыс сапарға шығатын кезде Интернет желісінде www.vtb-bank.kz Банктің ресми сайтында орналастырылған Карталар бойынша алаяқтық тәуекелі жоғары елдердің тізімімен танысу және Банкке Картаның Ұстаушысымен байланыс ұстау үшін талап етілетін қажетті мәліметтерді (сапарда болатын кезең, сапарға баратын ел) және байланыс телефонын тапсыру. Алаяқтық тәуекелі жоғары елдерде Картаны пайдалануын доғарғаннан кейін, Клиент Картаны қайтадан шығару үшін Банкке жүгінуді міндетіне алады. Көрсетілген талап сақталмаған жағдайда, және осыған байланысты аталған Карта бойынша алаяқтық Карталық операциялар (транзакциялар) пайда болған кезде, Банктің барлық шығыстары, сондай-ақ Банкке келтірілген нұқсан Банктің талап етуі бойынша Клиенттің оған өтеуіне жатады.	4.2.17. При выезде за пределы Республики Казахстан ознакомиться со списком стран с повышенным риском мошенничества по Карточкам, размещенным на официальном сайте Банка в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz, и представить в Банк необходимые сведения (период пребывания, страна пребывания) и контактный телефон, необходимые для поддержания Банком связи с Держателем Карточки. После прекращения использования Карточки в странах с повышенным риском мошенничества Клиент обязуется обратиться в Банк для перевыпуска Карточки. В случае несоблюдения указанного требования и при возникновении в связи с этим мошеннических Карточных операций (транзакций) по данной Карточке, все расходы Банка, а также ущерб, причиненный Банку, подлежат возмещению Клиентом Банку, по требованию последнего.
4.2.18. Картаны пайдаланған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтау: үшінші (уәкілеттік берілмеген) тұлғаларға Картаны/Картаның деректемелерін, ПИН-кодты/CVV2, Кодтық сөзді, өзге сәйкестендіру деректерін (логинді, парольді) хабарламау/жария қылмау/табыстамау, сондай-ақ Ережелерде және/немесе Интернет желісінде www.vtb-bank.kz Банктің ресми сайтында баяндалған Банктің басқа ұсыныстамаларын ұстану. Карта (оның деректемелері), CVV2/ПИН-код және/немесе өзге сәйкестендіру деректері ұрланған/жоғалған немесе үшінші (уәкілетті емес) тұлға пайдаланған жағдайда, Банктің тәулік бойы жұмыс істейтін телефондары арқылы Банкті Картаның жоғалғаны, ұрланғаны немесе үшінші (уәкілетті емес) тұлғаның пайдаланғаны туралы дереу құлақтандыру және Банктің нұсқаулықтарын ұстану, және одан кейін Банк белгілеген нысан бойынша 2 (екі) жұмыс күнінен кеш емес мерзімде Банкке жазбаша өтініш беру.	4.2.18. Соблюдать правила безопасности при пользовании Карточкой: не сообщать/не разглашать/не передавать третьим (не уполномоченным) лицам Карточку/реквизиты Карточки, ПИН-кода/CVV2, Кодового слова, иных идентификационных данных (логина, пароля), обеспечить сохранность Карточки, CVV2//ПИН-кода, Кодового слова, иных идентификационных данных (логина, пароля), а также придерживаться других рекомендаций Банка, изложенных в Правилах и/или на официальном сайте Банка в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz. В случае хищения/утраты или использовании третьим (неуполномоченным) лицом Карточки (ее реквизитов), CVV2/ПИН-кода и/или иных идентификационных данных, незамедлительно уведомить Банк об утере, краже или несанкционированном использовании третьим ((неуполномоченным) лицом Карточки по телефонам Банка, работающим круглосуточно, и следовать инструкциям Банка, с последующим предоставлением Банку письменного заявления по установленной Банком форме, в срок не позднее 2 (двух) рабочих дней.

4.2.19. Картаның CVV2/ПИН-кодын терумен немесе Картаның Ұстаушысының қолтаңбасымен куәландырылған Картаны пайдалану арқылы жүргізілген Карталық операциялар барлық шығыстарды (шығындарды) толық көлемде көтеру.	4.2.19. В полном объеме нести все расходы (затраты) по Карточным операциям, произведенным с использованием Карточки, удостоверенной набором CVV2/ПИН-кода Карточки или подписью Держателя Карточки.
4.2.20. Қосымша Картаның Ұстаушысымен/қосымша Картаның Ұстаушысымен және сауда және сервис кәсіпорындарымен өзінің қарым-қатынастарын дербес реттеу. Олармен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Клиент сауда чегінде/слипте көрсетілген соманы төлеу және/немесе Банкке одан келтірілген нұқсанды толық көлемде өтеу міндеттемелерінен босатылмайды.	4.2.20. Самостоятельно регулировать свои взаимоотношения с Держателем дополнительной Карточки/Держателем дополнительной Карточки и предприятиями торговли и сервиса. В случае возникновения разногласий с ними Клиент не освобождается от обязательств оплатить указанную в торговом чеке/слипе сумму и/или возместить Банку причиненный этим ущерб в полном объеме.
4.2.21. Сауда-сервистік кәсіпорындарының немесе банктердің жұмыскерлері қойған талабы бойынша Карточканы қолдану арқылы операция жүргізу барысында Клиенттің/Қосымша карточка ұстаушысының жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуге.	4.2.21. По требованию работников торгово-сервисных Предприятий или банков при совершении операций с использованием Карточки предъявлять документ, удостоверяющий личность Клиента/Держателя дополнительной Карточки.
4.2.22. Жүйелі түрде (айына бір рет) ай сайын Карточканың Ағымдағы шоты бойынша үзінді көшірме алуға, үзінді көшірменің мазмұнымен танысуға және оны Карточканың Ағымдағы шотында жатқан ақша қалдығымен салыстыруға.	4.2.22. Регулярно (не реже одного раза в месяц) получать ежемесячную выписку по Текущему счету Карточки, знакомиться с ее содержанием и производить сверку остатка денег на Текущем счете Карточки.
4.2.23. Карточканы шығарған күннен бастап есептелетін, екінші және келесі жылдары Карточканы пайдалану мерзімі аяқталған күні ағымдағы шотта екінші және келесі жылдарға жылдық қызмет көрсеткені үшін комиссияны Банктің алуы (есептен шығаруы) үшін жеткілікті соманы қамтамасыз ету.	4.2.23. Обеспечить на Текущем счете, сумму достаточную для изъятия Банком комиссии за годовое обслуживание за второй и последующие годы в даты истечения срока пользования Карточкой во второй и последующий год, исчисляемые с даты выпуска Карточки.
4.2.24. Келісімшарттың және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерімен айқындалған өзге міндеттерді орындау.	4.2.24. Выполнять иные обязанности, определенные положениями Договора и/или действующего законодательства Республики Казахстан.
5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ	**5. ПРАВА СТОРОН**
5.1. Банктің құқықтары:	5.1. Банк вправе:
5.1.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте және жағдайларда Клиенттің келісімінсіз Картаның Ағымдағы шотынан ақша шығарып алуды (есептен шығаруды) жүргізу және Картаның Ағымдағы шоты бойынша операцияларды уақытша тоқтату.	5.1.1.Производить изъятие (списание) денег с Текущего счета Карточки без согласия Клиента и приостанавливать операции по Текущему счету Карточки в порядке и случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан.
5.1.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген жағдайларда және Банкпен және/немесе Келісімшарттың, Ережелердің шарттарымен белгіленген талаптар орындалмаған кезде, Картаның Ағымдағы шотына орындалмаған талаптар және (немесе) тиісінше уәкілетті мемлекеттік органдардың/лауазымды тұлғалардың/жеке сот орындаушыларының өкімдері (шешімдері/қаулылары) болған кезде Клиентке Картаның Ағымдағы шотын жабудан, сондай-ақ Карталық операцияны жүргізуге нұсқауды қабылдаудан, Картаның Ағымдағы шоты бойынша және/немесе Картаның Ағымдағы шотынан ашқа шығарып алу бойынша операция жүргізуден бас тарту.	5.1.2.Отказать Клиенту в закрытии Текущего счета Карточки при наличии неисполненных требований к Текущему счету Карточки и (или) распоряжений (решений/постановлений) уполномоченных государственных органов/должностных лиц/частных судебных исполнителей к Текущему счету Карточки, соответственно, а также в принятии указания на проведение Карточной операции, в проведении операции по Текущему счету Карточки и/или изъятию денег с Текущего счета Карточки в случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан, и не соблюдении требований, установленных Банком и/или условиями Договора, Правил.
5.1.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және/немесе Банктің ішкі құжаттарымен	5.1.3.Закрыть Текущий счет Карточки в порядке и случаях, предусмотренных действующим

көзделген тәртіпте және жағдайларда Картаның Ағымдағы шотын жабу.	законодательством Республики Казахстан и/или внутренними документами Банка.
5.1.4. Банк өзінің Келісімшартты, Ережелерді, төлем карталары жүйесіне қатысушылардың арасында жасалған келісімшарттарды тиісті түрде орындауы үшін қажет деп санайтын Клиент/Картаның Ұстаушысы туралы кез келген ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілдермен және құралдармен тексеру.	5.1.4. Проверять любую информацию о Клиенте/держателе Карточки, которую Банк считает необходимой для надлежащего исполнения им Договора, Правил, договоров, заключенных между участниками системы платежных карточек, любыми способами и средствами, не противоречащими законодательству Республики Казахстан.
5.1.5. Клиентке өзінің қалауы бойынша Картаны шығарудан, қайтадан шығарудан немесе бұғаттан босатудан, сондай-ақ Картаны шығару/қайтадан шығару күнінен бастап 180 (бір жүз сексен) күнтізбелік күн өткен соң, не болмаса Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы Картаны алудан бас тартқан жағдайда, Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы талап етпеген Картаны беруден бас тарту, оның күшін қайтару және жою. Бұл орайда, сондай Картаны шығару (жасап шығару)/қайтадан шығару және қызмет көрсету үшін Банктің комиссиялық сыйақысы қайтарылмайды.	5.1.5. Отказать Клиенту в выпуске, перевыпуске или разблокировании Карточки по своему усмотрению, а также в выдаче невостребованной Клиентом/Держателем дополнительной Карточки по истечении 180 (ста восьмидесяти) календарных дней с даты выпуска/перевыпуска Карточки либо в случае отказа Клиента/Держателя дополнительной Карточки от получения Карточки, аннулировать ее и уничтожить. При этом комиссионное вознаграждение Банка за выпуск (изготовление)/перевыпуск и обслуживание такой Карточки не возвращается.
5.1.6. Төмендегі жағдайларда, соның ішінде Клиентті қосымша құлақтандырусыз, Картаны бұғаттау (уақытша тоқтату)/қолданылуын (уәкілеттендіру сомасына ақшаны) доғару, сондай-ақ Карталық операциялар жасауды уақытша тоқтату (қажет болған жағдайда Картаны алып қою бойынша шаралар қабылдаумен):	5.1.6. Блокировать (приостановить)/прекратить действие Карточки (деньги на сумму авторизации), в том числе и без дополнительного уведомления Клиента, а также приостановить совершение Карточных операций в следующих случаях (с принятием при необходимости мер по изъятию Карточки):
5.1.6.1. Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы Келісімшарттың шарттарын, Банктің ішкі ережелерін, соның ішінде Ережелерді, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған кезде;	5.1.6.1. при нарушении Клиентом/Держателем дополнительной Карточки условий Договора, внутренних правил Банка, в том числе, Правил, законодательства Республики Казахстан;
5.1.6.2. Картаның қолданылу мерзімі аяқталған соң;	5.1.6.2. по окончании срока действия Карточки;
5.1.6.3. Банкте Картаның жоғалғаны, нұқсан келгені, зақымдалғаны/алаяқтық операциялар/рұқсат етілмеген Карталық операция жүргізу туралы куәландыратын фактілер болған кезде;	5.1.6.3. при наличии у Банка фактов, свидетельствующих об утере, компрометации, повреждении Карточки/проведении мошеннических операций/несанкционированной Карточной операции;
5.1.6.4. Техникалық карталық овердрафттың және/немесе Клиенттің Банктің алдындағы өзге берешегінің сомасы өтелмеген кезде, сондай-ақ Картаның Ағымдағы шотында Картаны (оның деректемелерін) пайдалану арқылы жасалған Карталық операциялар бойынша есеп айырысу жүргізу үшін ақша жоқ немесе жеткіліксіз болуына байланысты;	5.1.6.4. при непогашении суммы Технического карточного овердрафта и/или иной задолженности Клиента перед Банком, а также в связи с отсутствием или недостаточностью денег на Текущем счете Карточки для проведения расчетов по совершенным с использованием Карточки (ее реквизитов) Карточным операциям;
5.1.6.5. Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы қайтыс болған жағдайда;	5.1.6.5. в случае смерти Клиента/Держателя дополнительной Карточки;
6.6. Банктің жауапкершілігінің орын алуының міндетті шарты Банктің тарапынан қасақана айыптың орын алғаны болып табылады. Банктің Келісімшарт бойынша жауапкершілігі тұрақсыздық айыппұлын төлеумен және, Келісімшартпен көзделген жағдайларда, іс жүзіндегі құжаттық расталған нұқсанның мөлшерімен шектеледі, бұл орайда, уыстан шығарылған пайда Клиентке өтелмейді.	6.6. Обязательным условием наступления ответственности Банка является наличие умышленной вины со стороны Банка. Ответственность Банка по Договору ограничивается выплатой неустойки и в случаях, предусмотренных Договором, размером реального документально подтвержденного ущерба, при этом, упущенная выгода, Клиенту не возмещается.
6.7. Банк Банктің Төлем жүйесінің құрамынан шығу туралы шешім қабылдауынан келтірілген залалдар үшін мүліктік жауапкершіліктен босатылады.	6.7. Банк освобождается от имущественной ответственности за убытки, причиненные принятием Банком решения о выходе из состава Платежной системы.
6.8. Банктің алдында берешек түзілген жағдайда, Клиенттің берешегін өтеудің төмендегідей кезегі белгіленеді: • Банктің орындауды алу бойынша шығындары (шығыстары); • Клиенттің тапсырмаларын орындауға байланысты комиссиялық сыйақы/ Банктің шығыстары; • тұрақсыздық айыппұлы (өсімпұлдар, айыппұлдар); • Техникалық карталық овердрафттың сомасы бойынша мерзімі кешіктірілген берешек; • Техникалық карталық овердрафттың сомасы; • Келісімшартқа сәйкес басқа ақша сомаларын есептен шығару.	6.8. В случае образования задолженности перед Банком, устанавливается следующая очередность погашения задолженности Клиента: • издержки (расходы) Банка по получению исполнения; • комиссионное вознаграждение/расходы Банка, связанные с исполнением поручений Клиента; • неустойка (пени, штрафы); • просроченная задолженность по сумме Технического карточного овердрафта; • сумма Технического карточного овердрафта; списание прочих сумм денег в соответствии с Договором.
6.9. Картаның Ағымдағы шоты бойынша, соның ішінде Карталардың Ұстаушыларының операциялар жасау бойынша өкімдерінің (нұсқауларының) заңдылығы	6.9. Ответственность за законность распоряжений (указаний) по совершению операций по Текущему счету Карточки, в том числе, Держателями Карточек,

үшін, сондай-ақ Картаның Ағымдағы шотын ашу, жүргізу және жабу, Картаны шығару және қызмет көрсету, сондай-ақ ол бойынша Карталық операциялар жасау үшін негіз болып табылатын Банкке тапсырылатын құжаттардың деректелігі үшін жауапкершілікті Клиент толық көлемде көтереді.	а также за достоверность представляемых в Банк документов, служащих основанием для открытия, ведения и закрытия Текущего счета Карточки, выпуск и обслуживание Карточки, а также совершения Карточных операций по нему, несет Клиент в полном объеме.
6.10. Айыптық санкцияларды есептеу және мәлімдеу Тараптардың міндеті емес, құқығы болып табылады және егер олар мәлімденбеген болса, онда есептеуге және төлеуге жатпайды. Тараптың тұрақсыздық айыппұлын/айыппұл төлеуді талап ету құқығын пайдаланғаны айыпты Тарапқа тұрақсыздық айыппұлын есептеу туралы жазбаша құлақтандыру жолдау болып табылады.	6.10. Начисление и предъявление штрафных санкций является правом, а не обязанностью Сторон и если они не предъявлялись, то к начислению и оплате не подлежат. Использованием Стороной права требования уплаты неустойки/штрафа является направление виновной Стороне письменного уведомления о начислении неустойки.
7. ДҮЛЕЙ КҮШ МӘН-ЖАЙЛАРЫ	**7. ОБСТОЯТЕЛЬСТВА НЕПРЕОДОЛИМОЙ СИЛЫ**
7.1. Тараптар Келісімшарт бойынша өздерінің міндеттемелерін ішінара, толық орындамағаны немесе тиіссіз түрде орындағаны үшін, егер тиісті түрде орындау дүлей күш мән-жайларының, яғни, нақты шарттарда төтенше және беті қайтарылмайтын мән-жайлардың, мәселен: табиғи құбылыстардың, соның ішінде жер сілкінудің, өрттің, соғыстың және/немесе соғыс қимылдарының, революцияның, ереуілдердің, заңнамадағы өзгерістердің, Тараптардың Келісімшарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін нормативтік актілердің қабылдануының және Тараптардың ақылға қонымды бақылауына көнбейтін және Тараптардың осы Келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейтін немесе оларды орындауды табиғи түрде қалыптасқан мән-жайларда мүмкін емес деп қарастыру орынды болатындай қисынсыз ететін басқа мән-жайлардың (бұдан әрі – «форс-мажор мән-жайлары») салдарынан мүмкін болмай шықса, жауапкершіліктен босатылады. Осы тармақта көрсетілген жағдайларда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі сондай форс-мажор мән-жайлары оның барысында әрекет ететін уақытқа мөлшерлес кейінге ысырылады.	7.1. Стороны освобождаются от ответственности за частичное, полное неисполнение или ненадлежащее исполнение своих обязательств по Договору, если надлежащее исполнение оказалось невозможным вследствие обстоятельств непреодолимой силы, то есть чрезвычайных и непредотвратимых при данных условиях обстоятельствах, как то: стихийные явления, в том числе землетрясения, пожары, война и/или военные действия, революции, забастовки, изменения в законодательстве, принятие нормативных актов, препятствующих исполнению Сторонами своих обязательств по Договору, и другие обстоятельства, которые не поддаются разумному контролю Сторон и которые делают невозможным исполнение Сторонами обязательств по настоящему Договору или же делает их исполнение настолько непрактичными, что разумно рассматривать как невозможное в сложившихся стихийно обстоятельствах, (далее – «форс-мажорные обстоятельства»). В случаях, указанных в настоящем пункте, срок исполнения обязательств по настоящему Договору отодвигается соразмерно времени, в течение которого будут действовать такие форс-мажорные обстоятельства.
7.2. Форс-мажорлық мән-жайлардың орын алғаны туралы, сондай-ақ олардың жорамалды әрекет мерзімі туралы ол үшін сондай мән-жайлар орын алған Тарап екінші Тарапты мүмкіндігіне қарай дереу, бірақ олар орын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша нысанда хабарландырады.	7.2. О наступлении форс-мажорных обстоятельств, а также о предполагаемом сроке их действия, Сторона, для которой такие обстоятельства наступили, извещает в письменной форме другую Сторону, по возможности немедленно, но не позднее 3 (трех) рабочих дней с момента их наступления.
7.3. Сондай мән-жайлардың орын алғаны туралы хабарламау немесе мезгілінен кешіктіріп хабарлау, сондай хабарламау/мезгілінен кешіктіріп хабарлау форс-мажор мән-жайларының өзінің салдары болып табылған жағдайларды қоспағанда, хабарламауға немесе мезгілінен кешіктіріп хабарлауға жол берген Тарапты форс-мажор мән-жайларына міндеттемелерін орындамағаны немесе тиіссіз түрде орындағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде сілтеуге құқығынан айырады.	7.3. Не извещение или несвоевременное извещение о наступлении таких обстоятельств лишает права ссылаться на форс-мажорные обстоятельства как на основание, освобождающее от ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение обязательств, Сторону допустившую не извещение или несвоевременное извещение, за исключением случаев, когда такое неизвещение/несвоевременное извещение явилось следствием самих форс-мажорных обстоятельств.
8. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ	**8. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ**

8.1. Келісімшарттан немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық келіспеушіліктер мен дауларды Тараптар мүмкіндігіне қарай келіссөз жүргізу жолымен шешетін болады.	8.1. Все разногласия и споры, которые могут возникнуть из Договора или в связи с ним, Стороны будут по возможности разрешать путем переговоров.
8.2. Тараптар туындаған келіспеушіліктер мен даулар бойынша келіссөз жүргізу жолымен келісімге келмеген жағдайда, барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және шарттарда Қазақстан Республикасының соттарында реттелуге жатады.	8.2. В случае если Стороны не придут к соглашению по возникшим разногласиям и спорам путем переговоров, все спорные вопросы подлежат урегулированию в судах Республики Казахстан в порядке и на условиях, установленных действующим законодательством Республики Казахстан.
9. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ ҮЗУ/ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ	**9. СРОК ДЕЙСТВИЯ ДОГОВОРА И УСЛОВИЯ ЕГО РАСТОРЖЕНИЯ/ИЗМЕНЕНИЯ**
9.1. Келісімшарт Клиент Келісімшартқа қосылған күннен бастап күшіне кіреді. Келісімшарт Келісімшарттың шарттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне сәйкес үзіледі, доғарылады.	9.1. Договор вступает в силу с даты присоединения Клиента к Договору. Договор расторгается, прекращается в соответствии с условиями Договора и положениями действующего законодательства Республики Казахстан.
9.2. Клиент Банктің алдындағы бүкіл берешегін өтеген және ағымдағы шот және/немесе Картаның Ағымдағы шоты бойынша орын алған даулы транзакцияларды түпкілікті реттеу шартымен Келісімшартты жорамалды үзу күнінен кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Банктің нысаны бойынша қол қойылған Келісімшартты үзу туралы Өтінішті мәлімдеу жолымен ол туралы Банкті құлақтандырып, Келісімшартты кез келген уақытта үзуге құқылы. Көрсетілген Келісімшартты үзу туралы Өтінішті бергенде, Клиент Банкке Картаның Ағымдағы шотына шығарылған барлық Карталарды қайтарады. Егер Банкке Келісімшартты үзу туралы Өтініш берген кезде Клиент Банкке Картаның Ағымдағы шотына шығарылған Карталардың барлығын бірдей қайтармаса, онда Келісімшартты үзу туралы Өтінішті Банк тек қайтарылмаған Карталар бұғатталғаннан, Клиент оларды бұғаттаудың құнын төлегеннен және Банктің жұмыскері оларды бұғаттау фактін тексергеннен кейін қабылдайды. Егер Клиент/Картаның Ұстаушысы Келісімшарттың шарттарымен көзделген, соның ішінде Банктің алдындағы берешегін төлеу бойынша міндеттерін орындамаса, Келісімшарт тиісті бөлігінде толық орындалғанға дейін қолданылады.	9.2. Клиент вправе расторгнуть Договор в любое время, уведомив об этом Банк путем предъявления подписанного по форме Банка Заявления о расторжении Договора не менее чем за 30 (тридцать) рабочих дней до планируемой даты расторжения Договора, при условии погашения всей задолженности перед Банком и окончательного урегулирования имеющихся спорных транзакций по текущему счету и/или Текущему счету Карточки. Подавая указанное Заявление о расторжении Договора, Клиент возвращает в Банк все Карточки, выпущенные к Текущему счету Карточки. Если при подаче в Банк Заявления о расторжении Договора Клиент возвращает в Банк не все Карточки, выпущенные к указанному Текущему счету Карточки, то Заявление о расторжении Договора принимается Банком только после блокирования невозвращенных Карточек, оплаты Клиентом стоимости их блокирования и проверки работником Банка факта их блокирования. Если Клиент/Держатель Карточки не исполняет предусмотренные условиями Договора обязанности по оплате задолженности, в том числе перед Банком, Договор действует в соответствующей части до полного исполнения.
9.3. Картаның Ағымдағы шотына ақша немесе Картаның Ағымдағы шотында ақша қозғалысы ағш бойынша соңғы операцияның күнінен бастап 12 (он екі) айдан астам жоқ болған жағдайда, Банктің Келісімшартты орындаудан соттан тыс біржақты тәртіпте бас тартуға және Клиенттің тиісті өтінішінсіз Картаның Ағымдағы шотын жабуға құқығы бар. Бұл орайда Келісімшарт үзілген/доғарылған деп саналады және Картаның Ағымдағы шоты Клиенттің өтінішінсіз: - Картаның Ағымдағы шотында ақша қозғалысы соңғы операцияның күнінен бастап 12 (он екі) айдан астам жоқ болған жағдайда, егер ондай мерзімнің ішінде Картаның Ағымдағы шотына тиісінше ақша келіп түспесе, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ақша қалдығын нотариустың депозитіне аудару шартымен, Клиентке тиісті құлақтандыру жолданған күннен бастап 3 (үш) ай өткен	9.3. Банк имеет право в одностороннем внесудебном порядке отказаться от исполнения Договора и закрыть Текущий счет Карточки без соответствующего заявления Клиента в случае отсутствия денег на Текущем счете Карточки или движения денег по Текущему счету Карточки более 12 (двенадцать) месяцев с даты последней операции по Текущему счету Карточки. При этом Договор считается расторгнутым/прекращенным и Текущий счет Карточки без заявления Клиента подлежит закрытию: - в случае отсутствия движения денег на Текущем счете Карточки более 12 (двенадцать) месяцев с даты последней операции, по истечении 3 (трех) месяцев со дня направления Клиенту соответствующего уведомления, если в течение данного срока на Текущий счет Карточки, соответственно, не

соң; - ақша соңғы операцияның күнінен бастап 12 (он екі) астам жоқ болған жағдайда, соңғы операцияның күнінен бастап 12 (он екі) ай өткен соң жабылуға жатады.	поступили деньги при условии перечисления остатков денег на депозит нотариуса в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан; - в случае отсутствия денег более 12 (двенадцать) месяцев с даты последней операции, по истечении 12 (двенадцать) месяцев с даты последней операции.
9.4. Клиент Банкке Келісімшартты үзу туралы Өтініш келіп түскен күнге дейін немесе Келісімшарт оған байланысты үзілетін мән-жай орын алған күнге дейін Картаның Ағымдағы шоты бойынша жасаған барлық Карталық операциялары Келісімшарттың талаптарына сәйкес орындалуға жатады. Банкке Келісімшарт бұзудан кейін түскен Клиенттің Карточкасының Ағымдағы шотына ұсынылған төлем құжаттары бойынша ақшаны төлеу Клиентпен Банктің талабы бойынша толық көлемінде жүргізуге тиіс.	9.4. Все Карточные операции/операции, совершенные Клиентом по Текущему счету Карточки до даты поступления в Банк Заявления о расторжении Договора или до даты наступления обстоятельства, в связи с которым Договор расторгается, подлежат исполнению в соответствии с условиями Договора. Оплата денег по платежным документам, предъявленным к Текущему счету Карточки Клиента, поступившим в Банк после расторжения Договора, должна быть произведена Клиентом по требованию Банка в полном объеме.
9.5. Келісімшарт үзілген/доғарылған кезде Клиенттің Банктің алдындағы берешектерін өтеуден кейін Картаның Ағымдағы шоты бойынша ақша қалдығы Клиентке қолма-қол ақшалай беріледі немесе, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгесі белгіленбеген болса, Клиенттен түскен қажет болған кезде тиісті төлем тапсырманы қоса беріп, Шартты бұзу туралы Өтінішке сәйкес Клиенттің банктік шотына аударылады, бұл орайда, Клиент Картаның Ағымдағы шотына/Картаға қызмет көрсету үшін төлеген сыйақы қайтарылмайды.	9.5. При расторжении/прекращении Договора остаток денег по Текущему счету Карточки после погашения задолженностей Клиента перед Банком выдается Клиенту наличными деньгами или переводится на банковский счет Клиента в соответствии с поступившим от Клиента Заявлением о расторжении Договора, при необходимости, с приложением соответствующего платежного поручения, если иное не установлено законодательством Республики Казахстан, при этом вознаграждение, уплаченное Клиентом за обслуживание Текущего счета Карточки/Карточки не возвращается.
9.6. Келісімшарт Тараптардың арасында өзара есеп айырысу толық аяқталғаннан кейін өзінің қолданылуын доғарады. Келісімшарттың үзілгені/доғарылғаны Картаның Ағымдағы шотын және/немесе ағымдағы шотты жабу үшін негіз болып табылады.	9.6. Договор прекращает свое действие после полного завершения взаиморасчетов между Сторонами. Расторжение/прекращение Договора является основанием для закрытия Текущего счета Карточки и/или текущего счета.
9.7. Осы Келісімшарттың мақсаттары үшін, Банктің Келісімшартпен, соның ішінде Келісімшарттың 1.15-ші тармағының 1.15.4-ші тармақшасымен көзделген құқықтарын іске асыруы және шаралар қабылдауы Банктің біржақты тәртіпте Келісімшарттың шарттарын өзгертуі болып табылмайды, бұл орайда Клиенттен осы тармақтың шарттарына сәйкес қосымша келісім немесе бас тарту алу талап етілмейді және көрсетілген жағдайда, Клиент қажет болған кезде, Банктің тиісті құлақтандыруын (талабын) алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінің ішінде Келісімшартқа тиісті қосымша келісімді жасасуға міндетті.	9.7. Для целей настоящего Договора реализация Банком прав и принятие мер, предусмотренных Договором, в том числе в пп. 1.15.4. п. 1.15. Договора, не является изменением Банком в одностороннем порядке условий Договора, при этом получение от Клиента дополнительного согласия или отказа в соответствии с условиями настоящего пункта не требуется и в указанном случае Клиент обязан при необходимости заключить соответствующее дополнительное соглашение к Договору, в течение 3 (трех) рабочих дней с даты получения соответствующего уведомления (требования) Банка.
10. БАСҚА ШАРТТАР	**10. ПРОЧИЕ УСЛОВИЯ**
10.1. Келісімшартқа қосылғанда, Клиент Өтінішке қол қою жолымен Банкке (сондай-ақ Банктің құқықтық мирасқорларына) өзінің ***<u>жеке деректерін</u>*** (соның ішінде, аты-жөнін, туған күнін және жерін, тіркелген/тұратын мекенжайын, байланыстық ақпаратын ((индекс, тіркелген/іс жүзінде тұратын мекенжайын, электрондық пошта мекенжайын, телефондардың, факстердің нөмірлері мен өзге де байланыстық ақпаратын), жеке басын куәландыратын	10.1. Присоединением к Договору Клиент путем подписания Заявления предоставляет свое безусловное согласие Банку (а также правопреемникам Банка), на сбор и обработку с использованием средств автоматизации либо без использования таковых (включая, но не ограничиваясь, запись, копирование, резервное копирование, защиту, скрининг, систематизацию, накопление, хранение, уточнение (обновление,

құжаттардың деректерін, миграциялық картаның деректерін, ЖСН, фотографиялық бейнесін), сондай-ақ банктік, заңмен қорғалатын өзге құпияға және/немесе өзге құпия ақпаратқа тікелей немесе жанама түрде жататын, соның ішінде құрамында ондайлар бар кез келген басқа ақпаратты/мәліметтерді, кез келген нақты уақыт сәтінде Банк үшін қолжетімді, не болмаса оған мәлім, тапсырылған құжаттарда (соның ішінде анкеталарда, өтініштерде және т.т.) көрсетілген және/немесе ауызекі хабарланған және/немесе Банк Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып, және/немесе жасасатын (соның ішінде бұрын және/немесе болашақта) келісімшарттардың/келісімдердің шеңберіндегі және/немесе қандай да бір келісімшартқа/келісімге (соның ішінде бұрын және/немесе болашақта) байланысты кез келген өзге ақпаратты/мәліметтерді автоматтандыру құралдарын пайдалану арқылы, не болмаса ондайларды пайдаланусыз, жинауға және өңдеуге (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, жазуға, көшіруге, резервтік көшіруге, қорғауға, скринингке, жүйелендіруге, сақтауға, нақтылауға (жаңғыртуға, өзгертуге), шығарып алуға, пайдалануға, біркелкілендіруге, бұғаттауға, өшіруге, жоюға, таратуға (соның ішінде табыстауға, шекарааралық табыстауға (тиісті шет мемлекеттің сондай табысталатын деректерді қорғауды қамтамасыз ететінін, не етпейтінінен тәуелсіз), қол жеткізуге, соның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау шартымен үшінші тұлғаларға), сондай-ақ ***төмендегілер үшін (мақсаттарда)*** Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің, ВТБ Тобының (ВТБ Банк АҚ, олардың жарғылық капиталында ВТБ Банк АҚ-ның қатысу үлесі салымдардың (дауыс беруші акциялардың) жалпы санының 50% (елу пайызынан) астамын құрайтын және өздері тіркелген елдің заңнамасына сәйкес несиелік ұйымдар немесе қаржылық ұйымдар болып табылатын несиелік және қаржылық ұйымдар) ішкі құжаттарына/процедураларына және/немесе осы келісімге сәйкес қажет өзге әрекеттер (операциялар) жасауға өзінің шартсыз келісімін береді:

- сәйкестендіру, іскерлік қатынастар орнату және/немесе банктік қызметтерді (операцияларды) көрсету/пайдалану және/немесе Банкпе кез келген қажетті мәліметтер (келісімшарттар/келісімдер) жасасу (соның ішінде барлық қажетті құжаттарды: өтініштерді, анкеталарды, келісімдерді және т.т. толтыру/қол қою/қарастыру) және оларды әрі қарай орындау және доғару мүмкіндігін қарастыру;
- тапсырылған жеке деректердің деректілігін және толымдылығын тексеру;
- Банктің Клиентке қатысты заңгерлік салдар туғызатын шешімдер қабылдауы және/немесе өзге әрекеттер жасауы;
- ақпарат алмасу, есеп-қисап қалыптастыру/топтастыру/тапсыру, Банктің қызметін бақылауды, тексеруді және/немесе талдауды жүзеге

изменение), извлечение, использование, обезличивание, блокирование, удаление, уничтожение, распространение (в том числе передачу, трансграничную передачу (независимо от обеспечения соответствующим иностранным государством защиты передаваемых таких данных), доступ, в том числе третьим лицам при условии соблюдения действующего законодательства Республики Казахстан), а также на совершение иных действий (операций), необходимых в соответствии с законодательством Республики Казахстан, внутренними документами/процедурами Банка, Группы ВТБ (ОАО Банк ВТБ, кредитные и финансовые организации, доля участия ОАО Банк ВТБ, в уставном капитале которых составляет более 50% (пятидесяти процентов) от общего количества вкладов (голосующих акций) и которые являются в соответствии с законодательством страны своей регистрации кредитными организациями или финансовыми организациями), и/или настоящим согласием, ***персональных данных*** (в том числе, Ф.И.О., дата и место рождения, адрес регистрации/проживания, контактная информация (индекс, адрес регистрации/фактического проживания, адрес электронной почты, номера телефонов, факсов и иная контактная информация), реквизиты документов, удостоверяющих личность, данные миграционной карты, ИИН, фотографическое изображение), а также любой иной информации/сведений, относящейся (-ихся) прямо или косвенно, в том числе, содержащей (-их) банковскую, иную законом охраняемую тайну и другую конфиденциальную информацию, доступной (-ых) либо известной (-ых) в любой конкретный момент времени Банку, указанной (-ых) в предоставленных документах (в том числе, в анкетах, заявлениях и т.п.) и/или сообщенной (-ых) устно и/или полученной (-ых) Банком от любых третьих лиц, с учетом требований законодательства Республики Казахстан и/или в рамках заключаемых (-енных) договоров/соглашений (в том числе, ранее и/или в будущем), и/или связанной (-ых) с каким-либо договором/соглашением (в том числе, ранее и/или в будущем) ***для (в целях):***

- идентификации, рассмотрения возможности установления деловых отношений и/или предоставления/получения банковских услуг (операций) и/или заключения с Банком любых необходимых сделок (договоров/соглашений) (включая заполнение/подписание/рассмотрение всех необходимых документов: заявлений, анкет, согласий и т.п.), и их дальнейшего исполнения и прекращения;
- проверки достоверности и полноты предоставленных персональных данных;
- принятия Банком решений и/или совершения иных действий, порождающих юридические последствия в отношении Клиента;
- обмена информацией,

асыру; - Банкке Қазақстан Республикасының, шет мемлекеттердің заңнамасымен, халықаралық заңнамамен, Жарғымен, лицензиямен (-лармен), Банктің, ВТБ Тобының және/немесе көрсетілген тұлғаларды реттейтін уәкілетті органдардың ішкі құжаттарымен жүктелген операцияларды және өзге қызметті, мәмілелерді және/немесе функцияларды, міндеттерді жүзеге асыру/орындау, сондай-ақ заңдар мен нрмқ құқықтық актілердің талаптарын және/немесе көрсетілген құжаттардың талаптарын орындау; - Банктің және/немесе Банкпен бірлестікте және/немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін үшінші тұлғалардың түрлі өнімдер/қызметтер ұсынуы (соның ішінде болашақта) және Банктен, сондай-ақ Банкпен бірлестікте және/немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін үшінші тұлғалардан түрлі өнімдер/қызметтер алу (соның ішінде болашақта); - міндеттемелерді орындау, Клиентке қызмет көрсетуді жүзеге асыру және/немесе Банктің алдындағы берешекті өндіріп алу (соның ішінде, Банк қарызға қызмет көрсету және/немесе берешекті жинау бойынша функцияларды және/немесе өкілеттіктерді үшінші тұлғаларға табыстайтын жағдайда), Банктің үшінші тұлғалардан менің міндеттемелерімді орындауды қабылдауы; - Қазақстан Республикасының заңнамасының ережелерін ескере отырып, Банкпен және/немесе өзге үшінші тұлғалармен үлестестік/байланыстық нысанын анықтау; - оны жария ету Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының міндетті талабы болып табылатын ақпаратты жариялау; - Қазақстан Республикасының заңнамасын орындау мақсаттарында уәкілетті органдарға ақпарат (соның ішінде инсайдерлердің тізімдерін) жолдау; - Банктің құқықтарын сотта/соттан тыс қорғау (міндеттемелер бұзылған/даулы жағдаяттар, соның ішінде үшінші тұлғалардың қатысуымен туындаған жағдайда); - жеке деректерді жария қылусыз маркетингілік және/немесе статистикалық зерттеулер жүргізу; - ынталандыру іс-шараларын, соның ішінде Банк және/немесе үшінші тұлғалар ұйымдастыратын лотореялар, конкурстар, ойындар және өзге жарнамалық акциялар өткізу; - Келісімшарттың орындалуы, берешектің пайда болуы туралы ақпарат соңғыға ұсыну үшін Клиентпен телефон (ұялы)/Интернет байланысы жүзеге асыру; - даулы жағдаяттарды, соның ішінде Картаға үшінші тұлғалардың бағдарламалық-техникалық құрылғылары арқылы қызмет көрсетілетін жағдайда, тергеу; - Қазақстан Республикасының, шет мемлекеттердің заңнамасымен, халықаралық заңнамамен, Жарғымен, лицензиямен (-лармен), Банктің, ВТБ Тобының және/немесе ВТБ Банк ААҚ-ның ішкі құжаттарымен белгіленген (белгіленуі мүмкін) және оларға жету үшін жеке деректерді өңдеу және жинау қажет өзге де	формирования/консолидации/предоставления отчетности, осуществления контроля, проверок и/или анализа деятельности Банка; - осуществления/исполнения операций и иной деятельности, сделок и/или функций, обязанностей, возложенных на Банк законодательством Республики Казахстан, иностранных государств, международным законодательством, Уставом, лицензией (-ями), внутренними документами Банка, Группы ВТБ, и/или регулирующих указанных лиц уполномоченных органов, а также исполнения требований законов и нормативных правовых актов и/или требований указанных документов; - предоставления Банком и/или третьими лицами, действующими совместно с Банком и/или по его поручению, (в том числе, в будущем) и получения, как от Банка, так и от третьих лиц, действующих совместно с Банком и/или по его поручению, различных продуктов/услуг (в том, числе в будущем); - исполнения обязательств, осуществления обслуживания Клиента и/или взыскания задолженности перед Банком (в том числе, в случае передачи Банком функций и/или полномочий по обслуживанию займа и/или сбору задолженности третьим лицам), принятия Банком исполнения моих обязательств от третьих лиц; - установления признака аффилиированности/связанности с Банком и/или иными третьими лицами с учетом положений законодательства Республики Казахстан; - опубликования информации, раскрытие которой является обязательным требованием действующего законодательства Республики Казахстан; - направления информации (в том числе, списки инсайдеров) в уполномоченные органы в целях исполнения законодательства Республики Казахстан; - судебной/внесудебной защиты прав Банка (в случае нарушения обязательств/возникновения спорных ситуаций, в том числе с участием третьих лиц); - проведения маркетинговых и/или статистических исследований без раскрытия персональных данных; - проведения стимулирующих мероприятий, в том числе лотерей, конкурсов, игр и иных рекламных акций, организуемых Банком и/или третьими лицами; - осуществления телефонной (мобильной)/Интернет связи с Клиентом для предоставления последнему информации об исполнении Договора, возникновении задолженности; - расследования спорных ситуаций, в том числе в случае обслуживания Карточки через программно-технические устройства третьих лиц; - в иных целях, которые установлены (могут быть установлены) законодательством Республики Казахстан, иностранных государств, международным законодательством, внутренними документами Банка, Группы ВТБ и/или ОАО Банк ВТБ, и для достижения которых необходима обработка и сбор персональных данных. Настоящим Клиент признает, согласен и

мақсаттарда. Осы арқылы Клиент жоғарыда көрсетілген ақпаратты жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін Банкте олармен құпиялық және ақпаратты жария қылмау туралы келісім бар, соның ішінде Банкпен ерекше қатынастармен байланысқан, операциялар жүргізуге, әрекеттерді жүзеге асыруға, мәмілелер жасасуға, орындауға қатысатын (аутсорсинг шарттарында, жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету/ынтымақтастық, соның ішінде процессинг үшін) үшінші тұлғаларға, агенттеріне және серіктестеріне беру қажет болған жағдайда, Банк өзінің қалауы бойынша (қосымша өзара келісусіз) қажетті көлемде осы келісімде/Келісімшартта көрсетеді әрекеттерді жасау үшін алынған жеке деректерді беруге, сондай-ақ ондай тұлғаларға құрамында аталған мәліметтер бар тиісті құжаттар/ақпарат беруге құқылы екенін мойындайды, келіседі және растайды. Сондай-ақ, Клиент осы келісім тиісті өзгертулерді/толықтыруларды ескере отырып, жоғарыда көрсетілген кез келген үшінші тұлғаларға берілген болып саналатынын және кез келген сондай үшінші тұлғалардың осы Келісімге сәйкес кез келген көрсетілген тәсілмен көрсетілген мақсаттарға жету үшін алынған жеке деректерді жинауға, өңдеуге құқығы бар екенін мойындайды, келіседі және растайды. Осы арқылы Клиент Банкке оларға қатысты жеке деректерді Клиент осы Келісімшарттың шеңберінде Банкке беретін барлық үшінші тұлғалардың Банктің оларды Келісімшарттың осы тармағында көрсетілген шарттарда әрі қарай да өңдеуіне тиісті түрде ресімделген келісімдері алынғанын хабарлайды және кепілдік береді, сондай-ақ ондай тұлғаларды Банктің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және осы тармаққа сәйкес тәртіпте және шарттарда олардың жеке деректерін жинауға және өңдеуге құқығы туралы құлақтандыруға өзіне міндеттемелер қабылдайды. Банк кімді болса да Банк жасайтын Клиенттің/көрсетілген үшінші тұлғаның жеке деректерін жинау және өңдеу бойынша әрекеттер туралы құлақтандыруға міндетті емес.	подтверждает, что в случае необходимости предоставления вышеуказанной информации для достижения указанных выше целей третьим лицам, с которыми у Банка имеется соглашение о конфиденциальности и неразглашении информации, в том числе, связанным с Банком особыми отношениями, участвующим (на условиях аутсорсинга, для выполнения работ/оказания услуг/сотрудничества, в том числе процессинга) в проведении операций, осуществлении действий, заключении, исполнении сделок, агентам и партнерам, Банк вправе по своему усмотрению (без дополнительного согласования) в необходимом объеме предоставлять для совершения указанных в настоящем согласии/Договоре действий полученные персональные данные, а также предоставлять таким лицам соответствующие документы/информацию, содержащие данные сведения. Также, Клиент признает, согласен и подтверждает, что настоящее согласие считается данным любым третьим лицам, указанным выше, с учётом соответствующих изменений/дополнений, и любые такие третьи лица имеют право на сбор, обработку полученных персональных данных для достижения указанных целях любым указанным способом согласно настоящему Согласию. Настоящим Клиент сообщает и гарантирует Банку, что получены надлежаще оформленные согласия всех третьих лиц, персональные данные в отношении которых предоставляется Клиентом Банку в рамках настоящего Договора и на их дальнейшую обработку Банком на условиях, указанных в настоящем пункте Договора, а также принимает на себя обязательства уведомить таких лиц о праве Банка на сбор и обработку их персональных данных в порядке и на условиях согласно действующему законодательству Республики Казахстан, внутренних документов Банка и настоящего пункта. Банк не обязан уведомлять кого-либо о совершаемых Банком действиях по сбору и обработке персональных данных Клиента/указанного третьего лица.
10.2. Келісімшарттың 10.1-ші тармағында көрсетілген келісім жеке деректерді және/немесе құрамында ондайлар бар құжаттарды (соның ішінде электрондық құжаттар форматында) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген сақтау мерзімдері біткенге дейін, не болмаса ол жазбаша нысанда қайтып алынған сәтке дейін беріледі, бұл орайда Банк Келісімшартты/келісімдіөө/банктік қызмет көрсетуді (операцияны) аяқтау мақсаттарында, сондай-ақ ешер жеке деректерді өңдеуді жалғастыру қолданылатын заңнаманың талаптарынан (ондай жағдайда жеке деректерді өңдеу заңнаманың талаптарын орындау үшін қажетті шектерді жүзеге асырылады), Банктің ішкі құжаттарынан туындайтын болса, жеке деректерді өңдеуді жалғастыра беруге құқылы.	10.2. Согласие, указанное в п. 10.1. Договора, дается до истечения сроков хранения персональных данных и/или документов (в том числе, в формате электронных документов), содержащих их, установленных законодательством Республики Казахстан и внутренним документом Банка, либо до момента его отзыва в письменной форме, при этом Банк вправе продолжить обработку персональных данных в целях исполнения Договора/соглашения/завершения оказания банковской услуги (операции), а также если продолжение обработки персональных данных обусловлено требованиями применимого законодательства (в таком случае обработка персональных данных осуществляется в пределах, необходимых для выполнения требований законодательства), внутренними документами Банка.

10.3. Келісімшарттың 10.1-ші тармағында берілген келісім, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін, не болмаса Банктің алдында кез келген орындалмаған міндеттемелер болған жағдайларды қоспағанда, келісімді қайтып алу сәтінен кем дегенде 1 (бір) ай бұрын Банкке тиісті жазбаша құлақтандыру жолдау жолымен қайтып алынуы мүмкін.	10.3. Согласие, указанное в п. 10.1. Договора, может быть отозвано путем направления соответствующего письменного уведомления Банку не менее чем за 1 (один) месяц до момента отзыва согласия, за исключением случаев, если это противоречит законодательству Республики Казахстан, либо при наличии любых неисполненных обязательств перед Банком.
10.4. Келісімшартқа қосылғанда, Клиент Өтінішке қол қою жолымен Банктің Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (ізін жасыруға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы күрес бойынша заңнамасын сақтауы мақсатында, Банктің банк операцияларын жүргізу үшін Банкке ұсынылған кез келген тектегі деректерді алу, тексеру/қайта тексеру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген әрекеттер мен шараларды жүзеге асыруына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының валюталық және/немесе басқа заңнамасымен белгіленген негіздер бойынша және шектерде Клиент Клиенттің Ағымдағы шоты бойынша жүргізген операциялар туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және басқа уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынуына өзінің келісімін береді.	10.4. Клиент, присоединившись к Договору, подписанием Заявления в целях соблюдения Банком законодательства Республики Казахстан по противодействию легализации (отмыванию) доходов, полученных незаконным путем, и финансированию терроризма, дает свое согласие на осуществление Банком любых не запрещенных законодательством Республики Казахстан действий и мер по получению, проверке/перепроверке любого рода данных, предоставленных в Банк для проведения банковских операций, а также на предоставление информации в Национальный Банк Республики Казахстан и другие уполномоченные государственные органы о проведенных Клиентом операциях по Текущему счету Клиента по основаниям и в пределах, установленных валютным и/или иным законодательством Республики Казахстан.
10.5. Жекелеген банктік қызметтер мен өнімдерді ұсыну Клиент Келісімшартқа қосылғанға дейін, сондай-ақ одан кейін жасасқан/белгіленген бөлек келісімшарттармен, келісімдермен және қызмет көрсету ережелерімен (шарттарымен) реттелуі мүмкін.	10.5. Предоставление отдельных банковских услуг и продуктов может регулироваться отдельными договорами, соглашениями и правилами (условиями) обслуживания, заключенными/установленными как до, так и после присоединения Клиента к Договору.
10.6. Клиент/қосымша Картаның Ұстаушысы Банктің және ұйымдардың-үшінші тұлғалардың арасында жасалған келісімдерге сәйкес жеңілдіктерге ие болуы мүмкін (мысалы, кейбір мейманхана желілеріндегі, тойханалардағы шегерімдер, сақтандыру бағдарламалары және басқасы). Банк ондай жеңілдіктер туралы Клиентке олар туралы ақпаратты Банктің операциялық бөлімшелерінде немесе Интернет желісінде www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша Банктің сайтында орналастыру арқылы хабарлауы мүмкін. Клиент ондай жеңілдіктерді Клиентке/қосымша Картаның Ұстаушысыны Банк еме, ұйымдар-үшінші тұлғалар беретіні туралы құлақтандырылған; Банк Клиентке/қосымша Картаның Ұстаушысыны сондай жеңілдіктерге, сондай-ақ олардың сапасына, болуына және үзбей ұсынылуына қатысты ешқандай кепілдіктер немесе куәландырулар бермейді; Банк Клиенттің/қосымша Картаның Ұстаушысының Клиентке/қосымша Картаның Ұстаушысыны ұйымдар-үшінші тұлғалар ұсынатын жеңілдіктерге байланысты ешқандай жауапкершілік көтермейді.	10.6. Клиент/Держатель дополнительной Карточки может получать льготы (например, скидки в некоторых гостиничных сетях, ресторанах, страховые программы и др.) в соответствии с соглашениями, заключенными между Банком и организациями-третьими лицами. Банк может информировать Клиента о таких льготах размещая информацию о них в операционных подразделениях Банка или на сайте Банка в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz. Клиент уведомлен о том, что такие льготы предоставляются Клиенту/Держателю дополнительной Карточки организациями - третьими лицами, а не Банком; Банк не предоставляет Клиенту/Держателю дополнительной Карточки никаких гарантий или заверений в отношении таких льгот, а также их качества, наличия и непрерывного предоставления; Банк не несет никакой ответственности в связи с использованием Клиентом/Держателем дополнительной Карточки льгот, предоставляемых Клиенту/Держателю дополнительной Карточки организациями - третьими лицами.
10.7. Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптан алынған қаржылық және басқа ақпараттың құпиясын сақтауды міндетіне алады. Ондай ақпаратты үшінші тұлғаларға табыстау (автоматтандыру құралдарын пайдалану арқылы және ондайларсыз) тек барлық Тараптардың жазбаша келісімімен, сондай-ақ Қазақстан	10.7. Каждая из Сторон обязуется сохранять конфиденциальность финансовой и прочей информации, полученной от другой Стороны. Передача такой информации (с использованием средств автоматизации и без таковых) третьим лицам возможна только с письменного согласия всех Сторон,

Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және/немесе Келісімшартпен көзделген жағдайларда мүмкін болады.	а также в случаях, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан и/или Договором.
10.8. Келісімшарттың шеңберінде Банк үшін немесе Клиент үшін жасалған кез келген құлақтандыру, талап немесе сұратым, егер Келісімшарттың шарттарымен өзгесі көзделмеген болса, жазбаша түрде берілетін болады. Ондай құлақтандыру, талап немесе сұратым олар қолға табысталған, пошта арқылы немесе шабармандық байланыспен Келісімшарттың 11-ші тарауында айқындалған Банктің мекенжайы бойынша және Өтініште көрсетілген Клиенттің мекенжайы бойынша жеткізілген уақытта, тиісті түрде тапсырылған немесе жолданған ретінде қарастырылады. Жария, жалпы сипаттағы құлақтандырулар Банктің операциялық залында және/немесе Интернет желісінде www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында тиісті ақпарат жариялау жолымен жүзеге асырылады.	10.8. Любое уведомление, требование или запрос, составленные в рамках Договора для Банка или для Клиента будут представляться в письменном виде, если иное не предусмотрено условиями Договора. Такое уведомление, требование или запрос рассматриваются как должным образом представленные или направленные, когда они вручены лично, доставлены по почте или курьерской связью или иными видами связи по адресу Банка, определенному в разделе 11 Договора, и адресу Клиента, указанному в Заявлении. Уведомления публичного, общего характера осуществляются путем размещения соответствующей информации в операционном зале Банка и/или на официальном сайте Банка в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz.
10.9. Құлақтандыру, талап (кінәрат-талап), сұратым: - шабарманмен (курьермен) жіберген кезде – тиісті белгі соғылып аынған күні; - тапсырыс хатпен жіберілген кезде – жіберілгеннен кейін 3-ші (үшінші) күні (пошта ұйымы жіберген кезде берген құжаттағы күн бойынша). - Банктің операциялық залында және/немесе Интернет желісінде www.vtb-bank.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында жарияланған кезде – жарияланған күні; - электрондық пошта арқылы/SMS-құлақтандыру жіберілген кезде – жіберілген күні алынған деп саналады.	10.9. Уведомление, требование (претензия), запрос считается полученным (-ой): - при отправке нарочным (курьером) – в день получения с соответствующей отметкой; - при отправке заказным письмом – на 3 (третий) день после отправки (по дате документа, выданным организацией почты при отправке). - при размещении в операционном зале Банка или на официальном сайте Банка в сети Интернет по адресу: www.vtb-bank.kz, - в день размещения; - при отправке по электронной почте/SMS-уведомления - в день отправки.
10.10. Клиенттің Келісімшарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін өзгеге беруі Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз жүзеге асырыла алмайды. Банк Келісімшарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін толық немесе ішінара өзгеге бере алады.	10.10. Уступка Клиентом своих прав и обязанностей по Договору не может быть осуществлена без предварительного письменного согласия Банка. Банк может полностью или частично уступать свои права и обязанности по Договору.
10.11. Клиент Келісімшартқа қол қоятын кезде Банктің компьютерлік бағдарламамен қайталанған Банктің мөрінің және Банктің атынан Келісімшартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолтаңбасының баламаларын пайдалануына қарсылық білдірмейді және бұл оның талаптарына қайшы келмейтінін растайды.	10.11. Клиент не возражает против использования Банком воспроизведенных компьютерной программой аналогов печати Банка и подписи лица, уполномоченного на подписание Договора от имени Банка, при подписании Договора, и подтверждает, что это не противоречит его требованиям.
10.12. Келісімшарттың ережелерімен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес шешіледі.	10.12. Все вопросы, не урегулированные положениями Договора, разрешаются в соответствии с нормами действующего законодательства Республики Казахстан.
10.13. Келісімшартқа барлық өзгертулер мен толықтырулар, Банк Келісімшарттың шарттарына сәйкес біржақты тәртіпте енгізетін өзгертулер мен толықтыруларды қоспағанда, олар жазбаша түрде жасалған және екі Тараптың да қолдары қойылған кезде күшіне ие болады.	10.13. Все изменения и дополнения к Договору, действительны при совершении их в письменном виде и подписании обеими Сторонами, за исключением изменений и дополнений, вносимых Банком в одностороннем порядке, в соответствии с условиями Договора.
10.14. Келісімшарт мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей заңды күшке ие 2 (екі) данада жасалады. Келісімшарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің арасында алшақтықтар туындаған жағдайда, Тараптар Келісімшарттың орыс тіліндегі	10.14. Договор составлен в 2 (двух) идентичных экземплярах на государственном и русском языках, имеющих одинаковую юридическую силу. В случае возникновения разночтений между текстами Договора на государственном и русском языках,

мәтінін басшылыққа алады.	Стороны руководствуются текстом Договора на русском языке.

11. БАНК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ/РЕКВИЗИТЫ БАНКА:

Бас офистің мекен-жайы/ Адрес головного офиса: Қазақстан Республикасы/Республика Казахстан, 050040, **Алматы қ./г. Алматы, Тимирязев к-сі/ул. Тимирязева, 28 «в»** тел.: +7(727) 330-50-50 факс: +7(727) 330-40-50 e-mail info@vtb-bank.kz	**Заңды мекен-жайы/Юридический адрес:** Қазақстан Республикасы/Республика Казахстан, 050040, **Алматы қ./г. Алматы, Тимирязев к-сі/ул. Тимирязева, 28 «в»** тел.: +7(727) 330-50-50 факс: +7(727) 330-40-50 e-mail info@vtb-bank.kz **Банк операцияларын жүзеге асыруға лицензия/Лицензия на осуществление банковских операций:** 2009 жылғы 22 мамырдағы № 1.1.259 /№1.1.259 от 22 мая 2009 года ҚҰЖЖ КОДЫ/КОД ОКПО: 50507796 ЭҚЖЖ/ОКЭД: 64191	**Банктік деректемелері/Банковские реквизиты:** Коршот/Корсчет KZ06125KZT1001302062 ҚР ҰБ МОЕД-дағы/ в ДУМО НБ РК БСК/БИК VTBAKZKZ